

Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘОЖ 579

Қолжазба құқығында

**ТАСТАМБЕК ҚУАНЫШ ТАЛҒАТҰЛЫ**

**Қоңыр көмірлер негізінде энерготииімді отын алудың микробиологиялық  
аспектілері**

6D060700 – Биология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші PhD,  
доцент м.а. Акимбеков Н.Ш.

Шетелдік ғылыми кеңесші PhD,  
профессор Дигель И.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2022

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	5
<b>КІРІСПЕ</b>	6
<b>1 ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ</b>	12
1.1 Геомикробиология: минералды заттар мен микроорганизмдердің байланысы	12
1.1.1 Көмірлердің биологиялық негіздері	12
1.1.2 Көмірлерді пайдаланудың технологиялық маңызы және экологиялық салдары	15
1.2 Көмірлердің микробиологиясы	21
1.3 Қоңыр көмірлерді өндеудің биотехнологиялық әдістері	23
1.3.1 Қоңыр көмірлердің аэробты және анаэробты бактериялардың солубилизациясы	23
1.3.2 Қоңыр көмірлерді биоөндеудің негізгі заңдылықтары	26
1.4 Қоңыр көмірлерден биобрикет алудың жолдары	30
1.5 Қоңыр көмірлер негізінде биобрикет өндірісінің қазіргі жағдайы мен болашағы	34
<b>2 ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІ, МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ</b>	46
2.1 Зерттеу объектілері	46
2.2 Зерттеу материалдары	46
2.3 Зерттеу әдістері	47
2.3.1 Қоңыр көмірлердің техникалық көрсеткіштеріне талдау жүргізу әдістері	47
2.3.1.1 Қоңыр көмірлердің ылғалдылығын анықтау әдісі	47
2.3.1.2 Қоңыр көмірлердің күлділігін анықтау әдісі	47
2.3.1.3 Қоңыр көмірлердегі жалпы күкірт мөлшерін анықтау әдісі	47
2.3.1.4 Қоңыр көмірлердегі ұшқыш заттардың шығуын анықтау әдісі	48
2.3.1.5 Қоңыр көмірлердің жану жылуын анықтау әдісі	48
2.3.1.6 Қоңыр көмірлердің тығыздығын анықтау әдісі	49
2.3.2 Қоңыр көмірлердің элементтік құрамын анықтау әдісі	49
2.3.3 Қоңыр көмірлердің құрылымдық құрамын Раман спектрометриясы арқылы анықтау әдісі	49
2.3.4 Қоңыр көмірлердің минералды бөлігін рентгендік талдау арқылы анықтау әдісі	49
2.3.5 Қоңыр көмірлердің органикалық және бейорганикалық заттардың құрамын Фурье спектроскопиясы арқылы анықтау әдісі	50
2.3.6 Қоңыр көмірлердің микроқұрылымын оптикалық микроскоп арқылы зерттеу әдісі	50
2.3.7 Қоңыр көмірлердің беттік сипаттамасын сканерлеуші электронды микроскоп арқылы зерттеу әдісі	50
2.3.8 Қоңыр көмірлердің микробиологиясын зерттеу әдістері	50

2.3.8.1	Қоңыр көмірлердің микробтық қауымдастықтарын анықтау үшін метагеномды талдау жүргізу әдісі	50
2.3.8.2	Қоңыр көмірлердегі бактериялардың жалпы санын анықтау әдісі	50
2.3.8.3	Қоңыр көмірлерден бактериялардың таза дақылды бөліп алу әдісі	51
2.3.8.4	Бөлініп алынған бактериялардың таза дақылдарының қоңыр көмірлерде өсу қабілеттілігін зерттеу әдісі	51
2.3.8.5	Қоңыр көмірлерде өсу белсенділігі жоғары бактерия дақылдарын идентификациялау әдісі	51
2.3.9	Қоңыр көмірлерді биосолюбилиздеу әдістері	52
2.3.9.1	Биосолюбилиздеуді зерттеудің агар – диффузді әдісі	52
2.3.9.2	Қоңыр көмірлердің биосолюбилизациясын зерттеудің сұйық ортада жүргізу әдісі	52
2.3.9.3	Көмірсутекті қосылыстардың эмульгациялаушы белсенділігін анықтау әдісі	53
2.3.10	Қоңыр көмірлерден солюбилизденген өнімдерді бөліп алу әдісі	53
2.3.11	Қоңыр көмірлерден солюбилизденген өнімдердің қасиеттерін зерттеу әдісі	53
2.3.12	Қоңыр көмір негізінде биобайланыстырушы агенттерді алудың әдісі	54
2.3.13	Қоңыр көмір негізінде биобрикет алу әдісі	55
2.3.14	Алынған нәтижелерді статистикалық талдау әдісі	55
<b>3</b>	<b>ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ</b>	<b>56</b>
3.1	Қоңыр көмірлердің техникалық, физика-механикалық және химиялық қасиеттері	56
3.2	Қоңыр көмірлердің микробтық қауымдастықтарын анықтау үшін метагеномды талдау және бактериялардың жалпы саны, таза дақылдарын бөліп алу	62
3.3	Қоңыр көмірлердің бактериялармен байланысы, өсу динамикасы	69
3.4	Бөлініп алынған бактерия дақылдарының идентификациясы	73
3.5	<i>Bacillus</i> sp. РКВ 7 және <i>Providencia</i> sp. РКВ 10 штамдарының биосурфактанттар түзу қабілеті	75
3.6	<i>Bacillus</i> sp. РКВ 7 және <i>Providencia</i> sp. РКВ 10 штамдары арқылы қоңыр көмірдің биосолюбилизациясы	78
3.7	Биобрикетке байланыстырғыш агенттер енгізу арқылы құрылымдық қасиеттерін жоғарылату	91
3.8	Қоңыр көмірлерді биоөңдеу арқылы биобрикеттеудің технологиялық сызбасы	92
3.8.1	Биобрикеттің функционалдық қасиеттерін зерттеу	92
3.8.2	Биобрикеттің энергетикалық және жылу техникалық қасиеттерін зерттеу	96
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>100</b>
	<b>ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	<b>102</b>
	<b>ҚОСЫМША А</b>	<b>124</b>
	<b>ҚОСЫМША Ә</b>	<b>126</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертацияда келесі стандарттарға сілтеме жасалды:

1 МЕМСТ 10742-71, ISO 1988:1975. Қоңыр көмір, тас көмір, антрацит, майлы тақтатас және көмір брикеттері. Сынамаларды алу әдістері және үлгілерді өңдеу.

2 МЕМСТ 11022-90, ISO 1171-81. Қатты минералды отын. Күлдің құрамын анықтау әдісі.

3 МЕМСТ 11014-81. Қоңыр көмір, тас көмір, антрацит және жанғыш тақтатастар. Ылғалдылықты анықтаудың жеделдетілген әдісі.

4 МЕМСТ 6382-80. Қоңыр көмір, тас көмір, антрацит және жанғыш тақтатастар. Ұшатын заттардың бөлінуін анықтау әдісі.

5 МЕМСТ 8606-72. Отын қатты. Күкіртті анықтау әдістері.

6 МЕМСТ 2160-62. Қоңыр көмір, тас көмір, антрацит және майлы тақтатас. Тығыздықты анықтау әдісі.

7 ISO 18283: 2006 «Hard coal and coke - Manual sampling».

8 ISO 13909-4: 2016 Preview Hard coal and coke - Mechanical sampling - Part 4: Coal - Preparation of test samples».

9 ISO 334-74. Көмір отынын жағу кезінде пайда болатын күкірт оксидтерін сіңіруге негізделген гравиметриялық әдіс.

10 ISO 157-75. сульфатты күкірт ( $S_S$ ) салмақтық анықтау әдісі.

11 ISO 157-75.  $HNO_3$  пиритті тотықтандыру кезінде саны бойынша пирит күкірттің құрамы анықталатын еритін сульфаттардың түзілуіне негізделген отырып,  $FeS_2$  түрінде күкіртпен ( $S_P$ ) байланысты темір құрамын анықтауға негізделген тотықтандыру әдісі.

12 МЕМСТ 7299-84. Украинаның оң жағалауынан коммуналдық қажеттілік үшін қоңыр көмірден брикет. Техникалық шарттары.

13 МЕМСТ 21291-75. Көмір брикеттері. Бел жиегінің қалыңдығын анықтау әдісі.

14 МЕМСТ 9817-82. Қатты отынмен жұмыс істейтін аралас тұрмыстық техника. Жалпы сипаттамалар.

16 МЕМСТ 7.32-2001 – Зерттеу есебі. Құрылым және дизайн ережелері.

17 МЕМСТ 7.1-2003 – Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және жобаны жасау ережелері.

18 «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18.02.2011 ж. №407-IVЗҚР

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

А	көмір үлгісіндегі күлділік, %
АСЕ	таксондардың нақты санын бағалау (Abundance-based Coverage Estimator)
БГЗ	биологиялық жолмен алынған гуминді заттар
БҚК	био-өңделген қоңыр көмір
ХГЗ	химиялық жолмен алынған гуминді заттар
ЭРС	энергодисперсиялық рентгендік спектроскопия (Energy-dispersive X-ray spectroscopy)
ҚСМ	қозу-сәулелену матрицалар (Excitation Emission Matrix)
FAO	Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы (Food and Agriculture Organization)
ӨС-СЭМ	өрісті сәулеленуді сканерлейтін электронды микроскоп
ФТИК	Фурье түрлендірілген инфрақызыл спектроскопия (FTIR)
ГЗ	гуминді заттар
БҚК	бастапқы қоңыр көмір
ЛБ	Лурия-Бертани қоректік ортасы (Luria-Bertani Medium)
ҮК	үш квадруполды сұйық хроматография – масс-спектрометрия
СХ/МС	(LC/MS QqQ)
ЛҚК	Леңгір қоңыр көмірі
ОҚК	Ой-қарағай көмір қоңыр көмірі
ОТБ	операциялық таксономиялық бірлік
ОБҚК	органо-био-өңделген қоңыр көмір
ОТ	оптикалық тығыздық
Q	көмір үлгісінің меншікті жану жылуы, кДж/кг
RKB 10	<i>Providencia</i> sp. бактерия штамы
RKB 7	<i>Bacillus</i> sp. бактерия штамы
ЖТҚ	жоғары тиімді қоректік орта (Super Optimal Broth)
УК	УК көрінетін спектроскопия (Ultraviolet-visible spectroscopy)
V	көмірдегі ұшпа заттардың шығымы, %
W	көмірдің аналитикалық үлгісіндегі ылғалдың массалық үлесі, %
ҰРД	ұнтақты рентген дифракциясы (X-ray powder diffraction, XRD)
Био-ББЗ	био-беттік-белсенді заттар
ЖМС	жалпы микроб саны
КТБ	колония түзуші бірлік
ПТР	полимеразды тізбекті реакция
РҚА	рентгеноқұрылымды анализ
РФА	рентгенофлуоресцентті анализ

## КІРІСПЕ

### **Жұмыстың жалпы сипаттамасы**

Диссертациялық жұмыста энергетикалық-технологиялық және экологиялық параметрлерді жоғарылату мақсатында микроорганизмдердің белсенді штамдарымен Қазақстанның кен орындарынан алынған қоңыр көмірлерді (лигниттер) биологиялық өңдеу процесінің негізгі аспектілері қарастырылған.

### **Тақырыптың өзектілігі**

Әртүрлі қажеттіліктерге байланысты энергетикалық қорларды өндіру үшін қоңыр көмірлерді биологиялық өңдеу – оны тұрақты қолданудың ең үдемелі бағыты.

Қазақстан Республикасы көмір қазба байлықтары бойынша әлемдегі ең үлкен ондыққа кіреді. Қазақстандағы жалпы көмір қорының 62%-ын (24 млрд. т аса) қоңыр көмір құрайды. Қоңыр көмірдің құрамында көміртегі шамамен 60%, сутегі 6%, оттегі 17-34%, ұшқыш заттар мөлшері 50% болады және жану жылуы төмен (26 мДЖ/кг), ылғалдылығы жоғары (40% дейін) болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар механикалық берік емес, ауада ылғалдылығын жылдам жоғалтады және тез ұсақталып, сынып бөлшектерге айналады. Сондықтан, оларды энергетикалық мақсатта қолдану тиімділігі төмен болып табылады. Қоңыр көмірді өндіру кезінде биіктігі 70-120 м жететін террикондар (үйінділер) пайда болады және олардың әрқайсысына жылына 2500 мың. м<sup>3</sup> көлемінде таужыныстар қосылу арқылы көлемі ұлғайып отырады. Үлкен аймақты алып жатқан бұл террикондар атмосфераның газды шаңмен қарқынды ластануына және топырақ құнарлылығының нашарлауына алып келеді. Көмір кен орындарын өндіру гидродинамикалық режимге және жер асты суларының балансына теріс әсер етеді. Бұл ретте потенциалды ресурстар қоры қайтымсыз жоғалып қана қоймайды, сонымен қатар жер үсті және су экожүйелерінің тіршілік иелеріне кері әсерін тигізеді.

Әлемде қазіргі экологиялық жағдай коммуналды және өнеркәсіптік отын сапасын қатаң бақылауды талап етеді. Сонымен қатар, отынның құрамында күкірт, түтін мен күл аз бөлінуі қажет және түйіршіктер мөлшерінің қажетті құрамы болуы керек. Сондықтан, сапасы жақсарған отын ресурстарын ұлғайту үшін заманауи экологиялық және экономикалық тәсілдерді жасау және енгізу заман талабы. Тұрмыстық және өнеркәсіптік отын өндірісіндегі ғылыми-техникалық және энергетикалық прогрестің бір бағыты биобрикеттер негізінде түтінсіз қатты отын өндіру аса маңызды.

Көмірді өңдеудің биотехнологиялық процестері, оның ішінде трансформациялау мен конверсиялау, әр түрлі қатты, сұйық және газ тәрізді отындар мен одан өнімдер алуға, сонымен қатар оның техникалық және тұтынушылық сипаттамаларын жақсартуға бағытталуы мүмкін. Биотехнологиялық тәсілдерді жасауда аэробты мезофильді және термофильді бактериялар мен саңырауқұлақтардың әртүрлі топтары қолданылады.

Қоңыр көмірлерге микроорганизмдер әсер еткенде көмірдің ерігіштігі және көмірдің деполимерленуі жылдам жүреді. Жоғарыда айтылған құрылымдық модификациядан басқа, төмен молекулалы ароматты қосылыстардың күрделі қоспасы болып табылатын жылжымалы фазаның бөліктерін қолдану арқылы қоңыр көмірде бірқатар бактериялар өсе алады және көміртектің жалғыз көзі ретінде парафин тәрізді алифатты қосылыстарды қолданады. Қазіргі уақытта бөлінетін органикалық қосылыстардың табиғаты туралы нақты ақпарат жоқ, бірақ төмен молекулалық модельдерді қолданатын зерттеулер олардың құрамына фенолдар, бензой қышқылдары, бифенилдер мен дифенил эфирлері, сондай-ақ әр түрлі циклоалкандар, n-алкандар кіретіні көрсетіледі. Кейбір қоңыр көмірлерде болатын қалдық целлюлоза мен гемицеллюлоза (мысалы, ағаш құрылымын сақтайтын ксилит көмірі) микроорганизмдер үшін көміртектің қосымша көзі бола алады. Сонымен қатар, минералды ерітінділерді (N, P, S, металл иондары немесе минералды тұздар) қосу микроорганизмдердің өсуін ынталандырады.

Қоңыр көмірдің Б2-Б3 топтарын өндірудің қарқынды артуына байланысты өнеркәсіп саласында кесектенген көмір отынының шикізат базасын дамытуға деген ерекше қызығушылық пайда болуда. Оларды өндірудің артуы көбінесе ашық әдіспен, яғни арзан жол арқылы өндірумен ерекшеленеді. Бұл көмірлер құрамында күл мен ылғалдың көп мөлшерде болуына байланысты ерекшеленеді және осы қасиеттері өз кезегінде олардың жану жылуын төмендетеді, сақтау кезінде тез бұзылуға ұшыратады, тасымалдауға жарамсыз етеді. Қоңыр көмірді биотехнологиялық өндеу әдістері, оның ішінде биобрикеттеу әдісі осы көмірлердің модификациялануы нәтижесінде тасымалдау көлемінің ұлғаюы мен қолдану аясының артуына мүмкіндік береді.

Қазақстанның қоңыр көмірлерінен биобрикеттелген қатты отын алудың қажеттілігінің басты себебі салыстырмалы ылғалдылығының, күлінің аз болуы, сақтау кезінде өздігінен жану мүмкіндігінің және тасымалдау кезінде айтарлықтай ұсақ бөліктерінің жоғалуы болып табылады.

Қазіргі таңдағы энергетика саласының маңызды мәселелердің бірі сұрыпталған отынның тапшылығы болып табылады. Бұл көп жағдайда оттықтағы үгінді мен ұсақ заттарға бай қарапайым және байытылмаған көмірлердің қабатталып жануына әкеліп соғады, нәтижесінде пештердің жылулық коэффициентінің едәуір төмендеуіне, содан кейін отынның жылулық энергиясының босқа жоғалып кетуіне себеп болады. Сондықтан жетілдірілген сұрыпталған көмір отынының ресурстарын арттырудың заманауи және тиімді жолдарын жасау және олардың нәтижелерін жүзеге асыру үлкен ғылыми-экономикалық маңызға ие.

Әр түрлі класқа жататын қоңыр көмірден алынатын түтінсіз қатты отынды алу технологиясы өндірісте әлі толығымен жүзеге асырылмаған, оның себебі биобрикеттеуде қолданылатын байланыстырушының сапасының болмауы, жану жылулығының төмендігі және көмір күлінің көп болуы. Осы келтірілген жағдайларға байланысты Қазақстан көмір кен орындарының көмірінен биобрикеттелген түтінсіз отынды алу технологиясын жасау өзекті мәселеге

айналып отыр. Қазақстан халқының көпшілік бөлігі ауыл аймақтарда өмір сүреді, сондықтан коммуналды-тұрмыстық тұтынуға қажетті экологиялық таза және қауіпсіз отындық биобрикеттерді өндіру мәселелері энергетикалық және экологиялық жағынан үлкен маңызға ие. Қатты отын экологиялық қауіпсіз және түгін бөлу қасиеті төмен өнім болғандықтан ол әртүрлі ғимараттарды, әсіресе өндірістік және қызметтік-тұрмыстық орталарды (жылыжай, көшетхана, шатыр, монша, бассейн, көкөніс шұңқырлары, жылытылған топырақтар және т.б.) жылытуда таптырмас отын бола алады.

Осыған байланысты қатты отын өндіруде, оның ішінде түгінсіз отын өндіруде жаңа пайдалы технологиялар жасап шығару өзекті мәселенің шешімі болады. Аталған өндіріс көптеген елде, оның ішінде Қазақстанда да әлі жолға қойылмаған.

### **Жұмыстың мақсаты**

Қазақстан көмір кен орындарындағы көмірлер мен микроорганизмдердің байланысының биологиялық негіздерін құру және түгінсіз отын алу әдістерін жасау.

### **Зерттеу міндеттері**

1. Леңгір және Ой-қарағай кен орнынан алынған қоңыр көмірлердің физико-химиялық, механикалық және техникалық қасиеттерін зерттеу;

2. Қоңыр көмірлердегі микробтар қауымдастығының таксономиялық құрамын және санын анықтау, физиологиялық және биохимиялық қасиеттерін зерттеу;

3. Қоңыр көмірді отындық био-отын алуда бастапқы шикізат ретінде қолданылатын био-өңделген көмір суспензиясының физико-химиялық қасиеттерін зерттеу;

4. Биобрикеттеуге бөліп алынатын био-өңдегіш дайындаудың технологиялық және конструктивтік параметрлерін зерттеу;

5. Қоңыр көмірлерді биоөңдеу арқылы алынған отындық биобрикетті бөліп алу үдерісінің технологиялық сызбасын жасау;

6. Берік, суға төзімді, күлділігі төмен, жанған кезде жағымсыз құрамды заттарды аз түзетін, жылу сыйымды биобрикет алуға мүмкіндік беретін биологиялық байланыстырушылар арқылы биобрикеттеудің қауіпсіз технологиясын жасау.

### **Зерттеу объектілері**

Б3 класына жататын қоңыр көмірлер (Леңгір және Ой-қарағай кен орындарының көмірлері) және қоңыр көмірден бөлініп алынған РКВ 7 – *Bacillus* sp., РКВ 10 – *Providencia* sp. бактерия штамдары қолданылды.

### **Зерттеу әдістері**

Диссертациялық жұмыс барысында тәжірибелер зертханалық жағдайда физика-химиялық, микробиологиялық генетикалық, биохимиялық, зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып жүргізілді.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы**



Алғаш рет Қазақстанның қоңыр көмірлерінің микробиологиялық алуантүрлігі (метагеномды талдау) зерттелді. Зерттеу нәтижесінде қоңыр көмірден бактериялардың таза дақылдары бөлініп алынды.

RKB 7 – *Bacillus* sp., RKB 10 – *Providencia* sp. бактерия штамдары идентификацияланып, филогенетикалық талдау жасалынды. Бөлінген бактериялардың биосолюбилиздеу қасиеті зерттеліп, нәтижесінде RKB 7 – *Bacillus* sp., RKB 10 – *Providencia* sp., биосурфактанттарды жоғары дәрежеде бөлетіні анықталды.

Зерттеу нәтижесінде Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмірлері мен био-байланыстырғыш заттардан жоғары тиімді биобрикеттелген түтінсіз биобрикет алынды. Зерттеулер нәтижесінде жылудың тиімділігімен бағаланатын тұрмыстық пештердегі биобрикеттердің жануының отын-энергетикалық тиімділігі бастапқы көмірдің биобрикеттерімен салыстырғанда жоғары екендігі (81,1% дейін) анықталды. Ұзақ мерзімді сақтауға және тасымалдауға жарамды биобайланыстырғышты қолдана отырып, қоңыр көмірден биобрикет алудың негізгі технологиялық сызбасы ұсынылды.

#### **Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы**

Бөлініп алынған RKB 7 – *Bacillus* sp. мен RKB 10 – *Providencia* sp. Штамдары әртүрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдану үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қолданбалы микробиология зертханасының коллекциясына енгізілді.

Қоңыр көмірлерді биоөңдеу жұмыстары негізінде биобрикет алудың технологиялық сызбасы әзірленді және жұмыс нәтижелері патенттелді («Көмірді қайта өңдеу тәсілі», №34536, 28.08.2020 ж., «Көмірді қайта өңдеу тәсілі» №34556, 04.09.2020 ж.).

Биобрикетті жасау үшін теориялық және әдіснамалық негіз құрылды.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында бөлініп алынған бактериялар қоңыр көмірден биотыңайтқыш және биокомпозит (көмір күлі+гумус+бактерия) алу жұмыстары бойынша зертханада қолданылуда.

Энергия тиімділікті арттыру мақсатында қоңыр көмірден жаңа әрі қатты биобрикет құрастырылды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғарғы оқу орындарында студенттер мен магистранттарға, докторанттарға арнайы және теориялық курстарда өтетін материал ретінде пайдалануға болады.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Леңгір және Ой-қарағай кен орындарынан алынған қоңыр көмірлердің физико-химиялық, механикалық және техникалық қасиеттерінің нәтижелері;
2. Қоңыр көмірлердегі микробтар қауымдастығының таксономды құрамын және санын анықтау, сондай-ақ физиологиялық және биохимиялық қасиеттерінің нәтижелері;
3. Қоңыр көмірден биобрикет алуда бастапқы шикізат ретінде қолданылатын биоөңделген көмір суспензиясының физико-химиялық қасиетінің нәтижелері;
4. Биобрикеттеу мақсатында биоөңдегіш дайындаудың технологиялық және конструктивтік параметрлерінің нәтижелері;

5. Қоңыр көмірлерді биоөңдеу арқылы алынған отынды жасау үдерісінің технологиялық сызбасы;

6. Берік, суға төзімді, күлділігі аз, жанған кезде жағымсыз құрамды заттарды аз түзетін, жылу сыйымдығы жоғары биобрикетті алуға мүмкіндік беретін биологиялық байланыстырушылар арқылы биобрикеттеудің қауіпсіз технологиясының нәтижелері.

#### **Жұмыстың ғылыми зерттеу бағдарламасымен байланыстылығы**

Диссертациялық жұмыс АР05133758 «Ленгер көмір кен орнының қоңыр көмірі мен сурфактант-синтездеуші микроорганизмдер негізде отынды энергиялық тиімді экологиялық таза, түтінсіз биобрикеттелген отынды алу биотехнологиясын жасау», АР05134797 «Тотыққан қоңыр көмір және зоомикробтық қауымдастық негізінде белсенділігі жоғары «биогумус-плюс» препаратын алу биотехнологиясын құрастыру» жобаларының аясында орындалды.

#### **Қорғауға ұсынылатын ғылыми жұмыс нәтижелерінің жасақталуына қосқан диссертанттың жеке үлесі**

Зерттеу жұмысының нәтижелері, әдеби деректерге шолу, жұмыстың мақсат-міндеттерін анықтау, тәжірибелік зерттеулерді жүргізу және алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу мен талдау автордың жеке қатысуымен орындалды.

**Диссертациялық жұмыстың апробациясы:** Диссертация жұмысының негізгі қағидалары және зерттеу нәтижелері төмендегідей халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда баяндалды және талқыланды:

1. «Заманауи биология және Қазақстан Республикасының биоалуантүрлілікті сақтаудың өзекті мәселелері» Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция (Алматы, 24 қараша 2017 жыл);

2. «Экологиялық генетика мен экспериментальды биологияның өзекті проблемалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 25 қаңтар 2018 жыл);

3. 22-я Международная Пущинская школа-конференция молодых ученых «Биология – наука XXI века» (Пущино, Россия, 23 – 27 апреля 2018 г.);

4. Международный симпозиум АСТАНА БИОТЕХ 2018, (Астана, 12-13 июня 2018 г.);

5. Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының Хабаршысы (Шымкент қ. 2018 ж.);

6. V Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 10-11 сәуір 2018 ж.);

7. VI Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 9-11 сәуір 2019 ж.);

8. Международная конференция «Современные проблемы химии и технологии органических веществ и материалов» (5-6 декабря 2019 г., г. Алматы);

9. International Conference on Recycling and Waste Management (30<sup>th</sup> July 2019, Toronto, Canada).

**Басылымдар.** Диссертацияның негізгі нәтижелері 30 ғылыми басылымдарда жарық көрді, олардың қатарында 6 мақала ҚР Білім және ғылым саласының бақылауы бойынша Комитет тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 3 мақала ғылыми журналдарда, 3 мақала Scopus базасына кіретін және 13 тезис халықаралық конференциялар мен симпозиумдар жиынтығында, сонымен қатар 1 монография, 2 патент, 2 ғылыми туынды жарияланған.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация 127 беттен, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу объектілері, материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері мен талқылау, қорытынды бөлімдерінен, 305 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 20 кестеден, 44 суреттен тұрады.

## 1 ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

### 1.1 Геомикробиология: минералды заттар мен микроорганизмдердің байланысы

#### 1.1.1 Көмірлердің биологиялық негіздері

Гиомикробиология – геологиялық және геохимиялық процестердегі микроорганизмдердің рөлі мен олардың өсуіне, белсенділігі мен тіршілігіне минералдар мен металдардың әсері мен байланысын зерттейтін геобиологияның бір тармағы. Көптеген микроб-минералды өзара әрекеттесу табиғатта болып жатқан белгілі бір құбылыстардың туа біткен механизмдерін түсіну үшін септігін тигізеді және микроорганизмдердің түрлері мен әрекетіне қатысты минералдарда болатын өзгерістерді зерттеуге көмектеседі. Көмір жаңартылмайтын энергияның негізгі көзі болып табылатындықтан және оның әртүрлі салаларда кең қолданысқа ие болуы ондағы микроб-минералды өзара әрекеттесу маңыздылығы тұрақты микробтық көмір биологиясы мен биотехнологиясын дамыту үшін өте қажет.

Көмірдің құрамы батпақта кездесетін шымтезектен басталады. Батпақ - бұл шымтезектің көп немесе аз мөлшерде қалың қабаттарда жиналуына мүмкіндік беретін жағдайлар жасалған орта. Шымтезек ұзақ және күрделі процестер барысында органикалық және бейорганикалық қосылыстардың күрделі қоспаларынан тұратын көмірге айналады. Батпақтарда тіршілік ететін немесе тіршілігін тоқтатқан өсімдіктерден қалған органикалық қосылыстардың саны миллиондаған болуы мүмкін. Мәселен, көмірдегі 100 астам бейорганикалық қосылыстар батпаққа су немесе желмен тасымалданатын шөгінділерден түседі немесе бастапқы өсімдік элементтерінен құралады. Құрамында темір мен мырыш сияқты элементтері бар бейорганикалық қосылыстар өсімдіктердің жақсы өсуі үшін қажет. Өсімдіктер ыдырағаннан кейін бейорганикалық қосылыстар түзілген шымтезекте қалады, ал бұл элементтердің кейбіреулері пирит сияқты бөлек минералдар түзеді. Өсімдіктер пайдаланатын бейорганикалық қосылыстардың басқа көздері батпақ түбін жабатын шлам, дренаждық ағынмен келген шөгінділер, батпақты суда еріген элементтер, жел, құм, шаң немесе күл болуы мүмкін. Көмір құрамында периодтық кестедегі табиғи элементтің 76 дейін түрі кездеседі, алайда бұл элементтердің көпшілігінің мөлшері әдетте өте аз. Кейбір микроэлементтер (мысалы, күміс, мырыш) көмір қабатында көптеп шоғырлануы мүмкін және осы элементтердің құнды ресурсы бола алады [1].

Көмірдің тастары минералды заттар (мысалы, кальцит, пирит немесе сидерит) шымтезек сығылғанға дейін аз мөлшерде кеуектеріне еніп, минералданғанда түзіледі. Көмір тастары көбінесе өзінің құрылымын сақтап қалған көміртекті өсімдік материалдары түрінде болады, себебі минералдар өсімдіктердің құрылымының өзгеруіне жол бермейді. Көмірдің сапасын анықтайтын негізгі фактор – оның сорты. Сорт «көмірлену» деп аталатын баяу табиғи процестің кезеңдерін білдіреді, оның барысында көмілген өсімдік материалы тығызырақ, құрғақ, көміртегіге бай және қаттырақ материалға

айналады. Көмірдің негізгі сорттары – солдан оңға қарай – қоңыр көмір (лигнит), суббитуминозды көмір, битуминозды көмір және антрацит болып бөлінеді [2]. Көмірлердің көпшілігі ылғалды аймақтарда және батпақтарға жақын өскен өсімдіктерден түзіледі. Бұл өсімдіктерден құралған материал төмен орналасқан жерлерде жиналды, олар ылғалданады және микроорганизмдердің әсерінен шымтезекке айналады, мұндай құбылыстар тіпті субарктикалық аймақтарда да кездеседі. Жер бетінде жиналатын өсімдік қалдықтары көп жағдайда шымтезекке немесе көмірге айналмайды, себебі ол өртенеді немесе органикалық ыдырау арқылы жойылады. Демек, ежелгі тау жыныстарында кездесетін көмірдің үлкен кен орындары бір мезгілде бірнеше қолайлы биологиялық және физикалық процестерінің нәтижесі ретінде қарастырылуы керек.

Көмірдің өсімдік қалдықтарынан түзілген табиғи жыныс екенін айғақтайтын бірнеше себеп бар. Біріншіден, көмірдің ең төменгі сорты - қоңыр көмірлерде жиі табылатын өсімдік қалдықтары; екіншіден, көмір қабаттарының үстінде, астында және іргелес жатқан шөгінді қабаттарда карбондалған қабықтар (мысалы, жапырақтар мен сабақтар) мен іздер түрінде өсімдік қалдықтары және тамырлар, бұтақтар мен діндер сияқты ірі бөліктері бар. Көмірдегі жіңішке кесінділерді немесе жылтыратылған блоктарды микроскопиялық зерттеу арқылы жасуша қабырғаларын, кутикулаларды (жапырақтардың сыртқы қабырғасы), спораларды және басқа құрылымдарды тануға болады. Балдырлар мен саңырауқұлақтардың қалдықтары да болуы мүмкін, мәселен, балдырлар – батпақты көмірдің негізгі компоненттері, сапропельді көмірдің бір түрі [2].

Көмір сапасын анықтайтын көптеген факторлар көмірдің күрделі екенін көрсетеді. Бұл факторларға (1) өсімдіктер, өсімдік қалдықтары және шымтезектегі басқа организмдер (мысалы, бактериялар), (2) биологиялық және химиялық процестер мен өсімдік заттарының сақталу дәрежесі, (3) батпақтың орналасуы, (4) өсімдік материалымен жинақталған немесе кейінгі кезеңде минералды заттар және (5) көмірлену жатады [3]. Көмір шымтезектен бастау алады, ол шымтезекті көмірге дейін жеткізу үшін қолайлы жағдайлары бар батпақтарда түзіледі. Әдетте ағынсыз немесе баяу қозғалатын сумен толған мұндай батпақтар өсімдіктердің мол өсуі үшін тамаша орын болып табылады. Өсімдіктер батпаққа түскен кезде олар сумен жабылады, әрі тез ыдырауын баяулатады немесе біржола тоқтатады. Баяу ыдырау мен бірқалыпты орта өсімдік заттарының жиналып шымтезек түзуіне мүмкіндік береді. Шымтезекті құрайтын органикалық заттар сол ортада немесе ағынды сулар арқылы басқа орталарға тасымалданады. Көмір қабаттарының көпшілігі тұрақты бір орында жиналған өсімдік материалынан түзілген. Шымтезек батпақтары өсімдіктердің көптеген түрлерінен немесе бір түрінен тұруы мүмкін. Батпақтар флорасы өсімдіктердің эволюциясына байланысты геологиялық уақыт ішінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, ликопсид пен ағаш папоротниктері ескі көмір қабаттарында кездеседі, ал өсімдіктердің неғұрлым жаңа түрлерін (қамыс, лалагүл, мангр және таз кипарис сияқты) жас көмір қабаттарынан табуға болады [3].

Өсімдік қалдықтары шымтезекке айналып жатқанда микроорганизмдердің қатысында, тотығу мен биогеохимиялық процестерге ұшырап, ыдырайды. Бұл процестер көмір кен өңірлерде кең таралған және көбіне өндірілетін көмірдің табиғатын анықтайды. Айтылған үдерістер микробиологиялық, микрохимиялық деңгейде жүреді, сондай-ақ үнемі өзгеріп отырады, сондықтан оларды сипаттау қиынға соғады. Ыдырау процестері атмосферада оттегімен және бактериялар мен саңырауқұлақтар сияқты әр түрлі микроорганизмдер қатысында жүзеге асады (1) және судың қышқылдығы немесе сілтілігі бұл процестерді баяулатады (2). Шымтезектегі оттегі сарқылған кезде анаэробты бактериялар ыдырау процесін жалғастырады. Өсімдіктердің ыдырауы қарқынды жүргенімен, әртүрлі деңгейде іріктеуден өтеді, себебі өсімдіктердің әр түрлі бөліктері бірдей жылдамдықпен ыдырамайды. Қабық, кутикула, спора, лигнинге бай ағаш пен көмір сияқты өсімдіктердің ең төзімді бөліктері көбінесе көмірде мацерал ретінде қалады. Су ағып келіп өсімдік материалын жауып қалса, атмосфералық тотығу тоқтайды, сосын көп ұзамай биохимиялық өзгерістер баяулайды, кейіннен толық тоқтайды. Өсімдік материалы шымтезекке айналып, көмілгеннен кейін одан әрі маңызды өзгерістер тотығу мен биохимиялық процестерге ұшырайды, сонымен қатар температура мен қысымның жоғарылауына тәуелді болады. Шымтезектің батпақты суының қышқылдығы немесе сілтілігі, осы өзгерістердің жылдамдығы мен мөлшерін бақылауға мүмкіндік береді. Әдетте, су неғұрлым қышқыл болса, бактериялардың белсенділігі төмендейді, нәтижесінде өсімдік заттары сақталып қалады. Егер олардың тіршілігі тоқтаса, бактериялар мен саңырауқұлақтар шымтезекті  $\text{CO}_2$ -ға, суға және күлге айналдырады, бұл үдеріс баяу жүрсе де, жану сияқты әсер қалдырады [3].

Шымтезек батпағындағы тірі өсімдіктер минералды заттарды өздері өсетін топырақтан, батпақ сулардан және су немесе жел көтеретін шөгінділер, жанартаулық күл сияқты минералдардан сіңіреді. Шаң мен күлдің бір бөлігі батпақты суда ериді және өсімдіктердің өсуін ынталандырады. Жанартау күлі мен шаңның кейбір түрлері өсімдіктердің қарқынды өсуі үшін қажетті қоректік заттарға бай. Желдің шаңы мен жанартау күлі батпақтың барлық түріне әсер етеді. Шаң немесе күл шымтезекте таралған дән түрінде немесе бөлек қабаттар түрінде болуы мүмкін. Геологиялық уақыт ішінде эрозиямен немесе тотығумен жойылмаған шымтезек батпақтары көмірдің минералды құрамына әр түрлі әсер ететін шөгінділермен көміледі. Жалпы алғанда, шөгінділер әдетте темір сияқты элементтерге, ал теңіз шөгінділері күкірт сияқты элементтерге бай болып келеді. Көптеген көмірлерде минералдың бір бөлігі пайда болғаннан кейін эпигенетикалық (төмен температуралы) минерализация үдерісі жүреді. Бұл процесте қозғалмалы судағы иондар жарықтар мен көмір қабатындағы жазықтықтарының бойына енеді, ал минералдар судың минералды түзуші иондарды ерітіндіде ұстау қабілетін жоғалтқан кезде жиналды. Бұл иондық су басқа температурада немесе басқа химиялық ортаға түскенде болуы мүмкін. Эпигенетикалық минералдарға әдетте пирит, кальцит, сидерит, каолинит және сирек жағдайларда сфалерит пен гален жатады [4].

Қоңыр көмірдің пайда болуы кайнозой, үшінші дәуірде орын алып, екі фазадан өтті. Бірінші кезең - өсімдіктердің тұрақсыз қалдықтарының салыстырмалы түрде тез ыдырау кезеңі және тұрақты қосылыстар мен өнімдердің (лигнин, кутин, суберин және т.б.) жинақталу кезеңі. Бұл фаза биобелсенділікке байланысты аэробты жағдайда өтеді. Екінші фаза тұрақты қосылыстардың одан да тұрақты өнімге баяу айналу кезеңі, мысалы, тез еритін сілтілі-гумин қышқылдарының көмірдің ерімейтін гуминді заттарына айналуы. Бұл анаэробты фаза шымтезек үшін биогенді және көмір үшін абиогенді болып келеді [64]. Кейбір бактериялар көмірді тек көміртегі көзі ретінде пайдаланып, өсе алады.

### **1.1.2 Көмірлерді пайдаланудың технологиялық маңызы және экологиялық салдары**

2004 жылы «Өсу қарқыны: 30 жылдан кейін» кітабында жарияланған мақалада [5], Рим клубының зерттеуі бойынша, өндірістің даму қарқыны мен халық санының өсу қарқынын бағалағанда, адамзаттың тіршілігіне қауіп төндіретін күрделі мәселелер ХХІ ғасырдың ортасында пайда болатыны келтірілген. Кейбір болжамдар бойынша [6], 2001 жылдан бастап есептегенде қол жетімді мұнай қоры – 41 жыл, газ қоры – 64 жыл, көмір қоры – 251 жыл көлемінде сарқылуы мүмкін. Барлық зерттеу нәтижелерін есепке алғанда, бұл болжамдар адамзаттың дәстүрлі энергия көздерін баламалы көздерге алмастыруды бүгіннен бастап қарқынды іздеудің қажеттілігін көрсетеді. Әлемдегі биоэнергияны дамытудың негізгі алғышарттары ретінде 3 маңызды факторларды атап кетуге болады. Осы 3 фактор биоэнергияны дамытуда Еуро одақтар мен басқа да дамыған елдердің экономикалық және саясатының негізінде жатыр.

Бірінші негізгі фактор – климаттың жаһандық өзгеруіне қарсы жұмыстар және оның әсеріне бейімделуге бағытталған. Уақыт өте келе, жаһандық климаттың өзгеру себептері атмосферадағы газдар – негізінен  $\text{CO}_2$ ,  $\text{SO}_2$  және  $\text{NO}_x$  эмиссиясының көлемінің артуында екендігі анықталған. Атмосферадағы көміртектің диоксидінің бөліну көлемінің жоғарылауы, жаһандық энерготұтытуда, энергия көздері - газ, мұнай, көмір сынды қайта қалпына келтірілмейтін қазбалардың тұтынылуының артқанымен түсіндіріледі. Мәселенің күрделілігі және оны алдын алу мақсатында 1992 жылы 9 мамырда 197 мемлекет қосылған, БҰҰ-ның климаттың өзгеруіне байланысты құрылымдық конвенцияны қабылдауына алып келді.

Екінші фактор – экономикалық қауіпсіздікті арттыруға және жаңартылмайтын энергияның импорттық тәуелділігінің азаюына ұмтылу. 2005 жылы Еуропа елдеріндегі тұтынылатын энергияның жартысы сырттан жеткізілінген, сондықтан энергия көздеріне балама табу жұмыстары жүргізіледі.

Үшінші фактор – өндіріс циклдерін және жабдықтау тізбегін оптимизациялау, энерготіімді және ресурсты технологияларды ендіру [7].

2006 жылы мамырда Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму жөніндегі комиссиясының 14-сессиясында басталған жаһандық биоэнергетикалық

серіктестік - бұл Гленингс іс-қимыл жоспарында G8 (Канада, Франция, Германия, Италия, Жапония, Ресей Федерациясы, Біріккен Карольдік және АҚШ) және Бразилия, ҚХР, Үндістан, Мексика және Оңтүстік Африка елдері қабылдаған міндеттемелерді орындау жөніндегі халықаралық бастама болды. Бұл бастама жоғары деңгейдегі жаһандық саясат диалогына ықпал ететін, ұлттық және аймақтық биоэнергетикалық саясатты және нарықты дамытуды қолдайтын, биомассаны тиімді және орнықты пайдалануды, биоэнергетика бойынша жобалық қызметті дамытатын, екіжақты және көпжақты ақпаратты жүзеге асыратын, біліктілік және технологиямен алмасуды күшейтетін және биоэнергияны интеграциялауға энергетикалық нарықты жабдықтау тізбегіндегі нақты кедергілерді шешуге ықпал ететін бастама болды [8].

Жаһандық биоэнергетикалық серіктестіктің хатшылығы FAO (Food and Agriculture Organization – Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы) негізделе отырып жұмыс жасады және бұл әріптестікті Италия басқарды. Биоэнергетикалық жаһандық серіктестік FAO, Халықаралық Биоэнергия Платформасымен, Халықаралық Биоотын Форумымен, Халықаралық Сутегі Экономикасы Серіктестігімен, Жерорта теңізі жаңартылатын энергия көздері бағдарламасымен, «Метаннан нарыққа дейін» бастамасы, ХХІ ғасырға арналған жаңартылатын энергия саясаты желісімен, Жаңартылатын энергия көздері бойынша серіктестіктермен энергия және энергия тиімділігі, Сауда және даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Конференциясы Биоотын туралы бастама және Биоэнергияны іске асыру туралы келісімдер, сондай-ақ Халықаралық энергетикалық агенттіктің тиісті бөлімшелерімен және т.б. ынтымақтастықта бірлесе әрекет етті. Сонымен қатар, серіктестік өмірлік циклды талдау әдістемелерін үйлестіру және осы мақсат үшін әдістемелік негіздерді әзірлеу бойынша жұмыс тобын құрды. Бұл бастамалардың барлығы дамушы елдерге және дамыған елдерге де биоэнергияның ұлттық нормативтік-құқықтық базасын құруға көмектесетін маңызды тетіктер болып табылады [8].

Жоғарыда аталған ұйымдар мен қабылданған шешімдердің барлығы қоршаған ортаға экологиялық маңызы бар және баламалы энергия көздерін табу мен жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды тиімді пайдалану мақсатында жүзеге асты.

Зерттеу жұмыста [9] қоршаған ортаға зиян келтіретін, бірақ, энергетикалық маңызы бар жер қойнауының өнімі ретінде көмір туралы мәліметтер келтірілген. Көмірді энергия көзі ретінде пайдалану мәселесі қоршаған ортаға байланысты талқыланғанымен, жақын арада көмірдің жануын басқа энергия көзімен алмастыру мүмкін емес. Сол себепті, көмірді пайдаланудың тиімді технологиясын қарастыру керек. Әлемде жылына шамамен 3 700 млн т. тас көмір және 940 млн т. қоңыр көмір өндіріледі. 190 миллион тоннаға жуық қоңыр көмір өндіретін Германия қоңыр көмірді ең көп тұтынушы және өндіруші болып табылады, одан кейінгі орында Ресей (жылына шамамен 90 млн т.) және АҚШ (жылына 80 млн т. жуық) алады [10, 11]. Көмірдің әр түрлі ресурстарын және олардың жылдық тұтынуына байланысты, қоңыр көмір ресурстарын пайдалануда үлкен айырмашылықтар бар: Германия үшін шамамен 270 жыл



және Солтүстік Америка үшін 1 100 жыл [12]. Осы энергия көзінен қоршаған ортаға зиянды азайту үшін көмірді қайта өңдеудің жаңа технологиялары қажет. Осылайша, Еуропалық қоғамдастық “Clean coal” технологияларын қолдау мақсатында арнайы зерттеу бағдарламасын жасады [13].

XXI ғасырдың басында АҚШ-та көмір өндірісі бойынша келесідей мәліметтерді ұсынылды, АҚШ-та 2020 жылдың үшінші тоқсанында көмір өндірісі 135,8 млн т. құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 17,9% жоғары. Бұл жыл емес, тоқсан сайын көмірге сұраныс артып отырғанын көрсетеді [14].

2017 жылы ЕО (Еуро Одақ) - 28 елдеріндегі өнеркәсіптегі соңғы энергия тұтынудың ең үлкен үлесі (84%) табиғи газ, көмір және мұнай сияқты қазбалы отындарды, сондай-ақ электр энергиясын тікелей пайдалану есебінен қол жеткізілді. Табиғи газ және электр энергиясы ең көп пайдаланылатын энергия тасымалдаушылары болып табылады, олар энергия тұтынудың үштен екі көлемін құрайды. Алайда, жаңартылған энергия көздерінің экспрессиясы салыстырмалы түрде аз болды [15].

Көмірдің электр энергиясы немесе көлік отындарынан айырмашылығы, жылу көрсеткіші өлшенбейді, бұл жылуға деген қажеттілік туралы деректердің болмауына алып келеді [16]. Еуропалық Комиссия жылыту және салқындату секторы туралы қосымша білім алудың маңыздылығын және оның ЕО-ның энергетикалық және климаттық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан маңызды үлесін мойындайды. [17].

ҚХР (Қытай Халық Республикасы) көмір өндірісіне келетін болсақ, әлемнің мамандандырылған құрылымдары мен ҚХР өзі шашыраңқы мәліметтерді ұсынады. Ең белгілі нұсқасы: дәлелденген қорлар 52 млрд т. қоңыр көмір мен 62 млрд т. тас көмір мен антрацитті құрайды. Жалпы қор 128,2 млрд т. қоңыр көмірге және 858 млрд. т. көмір мен антрацитке жетеді, бұл жалпы 1 трлн т. Жалпы алғанда, дүниежүзілік қорлардың шамамен 25% ҚХР аумағында шоғырланған және қара отынның мөлшері бойынша әлемде бірінші орында тұр. ҚХР көмір өнеркәсібінің дамуы қарқынды жылдамдықпен жүруде, мәселен, 1983 жылы көмір өндіріс көлемі 714,5 млн т. құраса, 1995 жылға қарай бұл көрсеткіш 1,38 млрд т. дейін өсті. 2003 жылы - 1,69 млрд т., 2004 жылы - 2,09 млрд т., 2009 жылы - 3 млрд т. , ал 2015 жылы бұл көрсеткіш 3,8 млрд т. көмір өндірі, бұл әлемдік өндірістің 47% құрайды. 2018 жылы ҚХР көмір өндіруші компаниялар кен орындарының 3,5 млрд т. өндірісе, 2019 жылы бұл көрсеткіш тағы 4,2% өсіп, 3,7 млрд т. жетті [18].

Көмір төрт класқа жіктеледі: антрацит, битуминозды, суббитуминозды және қоңыр көмір (лигнит). Антрацит құрамында 86–97% көміртегі бар және барлық көмір маркалары бойынша ең жоғары жылу калориясына ие. Битуминозды көмірде 45-86% көміртек болады. Бұл көмірдің жасы 100-ден 300 млн жылға дейін болуы мүмкін. Битуминозды көмір электр энергиясын өндіру үшін қолданылады және кокстелетін көмір өндірісі немесе темір мен болат өнеркәсібінде қолдану үшін маңызды отын және шикізат болып табылады. Суббитуминозды көмірде 35-45% көміртегі болады және қыздыру мөлшері

битуминозды көмірге қарағанда төмен. Бұл көмірлердің жасы кем дегенде 100 млн жылға дейін жетеді. Қоңыр көмірдің құрамында 25–35% көміртегі бар және барлық көмір түрлері арасында ең төменгі энергияға ие. Қоңыр көмір шөгінділері әдетте салыстырмалы түрде жоғары температура мен қысымға ұшырамайды. Қоңыр көмір жұмсақ және ылғалдылығы жоғары, бұл оның төмен калориялық құндылығын көрсетеді [19].

Көмір – отынның бай көзі, оны өндіру және пайдалы энергияға айналдыру салыстырмалы түрде арзан. Алайда көмірді өндіру және пайдалану қоршаған ортаға кері әсер етеді. Ашық кеніштер (ашық кен орындары) 2019 жылы АҚШ-та өндірілген көмірдің шамамен 62%-ын құрады. Әдетте көмірді өндіру тау-кен жұмыстары көмір мен шөгінділердің үстіндегі топырақ пен тасты алып тастайды. Мәселен, тау шыңдарын алып тастау және аңғарларды толтыру үшін тау-кен жұмыстары Батыс Вирджиния мен Кентуккидегі Аппалач тауының үлкен аудандарына кері әсер етті. Көмір өндірудің осы түрі таулардың шыңдары жарылғыш заттардың көмегімен өзгерістерге ұшырауына алып келді. Бұл әдіс ландшафтты өзгертеді, ал су ағындары тастармен және балшықпен жабылады. Бұл толтырылған аңғарлардан төмен қарай ағып жатқан су құрамында ластаушы заттар болуы мүмкін, олар төменгі қабатта тіршілік ететін су жануарларына зиян келтіруі мүмкін. Тау-кен ісі 1970 жылдардан басталғанымен, оны пайдалану 1990-жылдардан бастап кең таралып, даулы сипатқа ие болды. АҚШ заңы көмірден зардап шеккен аудандардан шыққан шаң мен су ағындарын бақылауға алуды және аумақты бастапқы қалпына келтіруді талап етеді. «Таза ауа туралы» және «таза су туралы» заңдар кәсіпкерлерден ауаға және суға ластаушы заттар шығарындыларын азайтуды талап етеді [20].

Дамыған елдердің өзінде көмірге сұраныс артып, экологиялық мәселелер туындауда. Көмір қоры бойынша алғашқы ондыққа кіретін біздің елге де бұл маңызды мәселе. Көмір өндіру бойынша, Қазақстан ТМД елдері ішінде, Ресей мен Украинадан кейін үшінші орында тұр [21]. 170 млрд. т. қор көрсеткішімен елімізде 100 көмір кен орны анықталған. Соның 24 млрд. т. қоңыр көмір болып табылады [22].

Әлемдік көмір ресурстарының үштен бір бөлігі және анықталған қорлардың бестен бір бөлігі - 193,3 млрд т. Ресей жерінде шоғырланған, оның ішінде 101,2 млрд т. қоңыр көмір, 85,3 млрд т. битуминозды көмір және 6,8 млрд т. антрацит үлесіне тиесілі. Ресейде көмірді қайта өңдеу кезінде пайда болатын қатты қалдықтарды іске жарату деңгейінің төмендігінің себебі, біріншіден, энергетиктер өз қалдықтарын қайта өңдеуге мүдделі емес, өйткені қалдықтар мен оларды шығаруға кететін шығындар электр энергиясы мен жылу шығындарына қосылады. Сонымен қатар, халық ластанған жерлерге жақын аймақтарда өмір сүреді, олардың денсаулыққа кері әсер ету салдарларының ауыртпалығын көтереді. Екіншіден, Ресейліктер белгіленген қалдықтарды жылдық өнімнің 80-100%-ына дейін тиімді өңдейтін дамыған елдердің тәжірибесін қолданбайды. Ал дамыған елдер өндірісті қалдықтар үлкен пайда әкелетіндей етіп ұйымдастыра алады [23].

Қазақстан Республикасы көмір қазба байлықтары бойынша әлемдегі ең үлкен ондыққа кіреді. Қазақстандағы жалпы көмір қорының 62% (24 млрд. т аса) қоңыр көмір құрайды. Қоңыр көмірдің құрамында көміртегі шамамен 60%, сутегі 6%, оттегі 17-34%, ұшқыш заттар мөлшері 50% болады және жану жылуы төмен (26 мДЖ/кг), ылғалдылығы жоғары (40% дейін) болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар механикалық берік емес, ауада ылғалдылығын жылдам жоғалтады және тез ұсақталып, сынып бөлшектерге айналады [24, 25, 27, 28].

Әлемде болып жатқан өзгерістер мен қоршаған ортаны сақтау мақсатында төмен сапалы көмірді кәдеге жарату мақсатында ғалымдар мен көмір өндіріс орындарының алдында әлі де ауқымды жұмыстар тұр. Өткен ғасырдың 50-жылдары ауылды мекендерге көмірдің келуі, мәні бойынша революциялық технология болды. Себебі, қысқы мезгілде отын жинаудан босатылды. Көмірдің пайда болуы Қазақстанның аймақтарындағы сирек кездесетін ормандарды «құтқаруына» негіз болды [26].

Алайда, көмірмен жұмыс істейтін қондырғыдан алынған энергия, көмірді шаңнан тазарту жүйесі мен ұшпа күл ұстауға арналған қымбат құрылғылармен, күкірт оксидтерін байланыстырудың қымбат жүйесі бар табиғи газ энергиясымен жеткілікті түрде бәсекелес. Көптеген елдерде электр энергетикасында көмір жағудың іс жүзінде баламасы жоқ [29, 30].

Соңғы жылдары көмір экологиялық таза емес жанармай деп аталады [31]. Іс жүзінде көмірдің осындай атауға ие болуы, оның қолданыстағы жану технологиясымен байланысты болу мүмкін. Себебі, тиімсіз жану процесін ұйымдастыру кез-келген отынды экологиялық таза емес өнім ретінде көрсете алады. Көмірдің құрамында газ тәрізді компоненттердің мөлшері жеткілікті екені белгілі, қарапайым көмірлер үшін массаның пайызына 25-тен 50-ге дейін жанғыш ұшпа кіреді [32].

Энергетикалық ресурстардың тапшылығы мен оған деген сұраныстың артуы, табиғи газ бен мұнайды басқа энергия көздерімен ауыстыруды талап ету көлемінің ұлғаюына жол салады. Қазіргі уақытта энергиямен жабдықтау, оның баламаларын ұсыну жұмыстары қарқынды жасалуда. Аталған жұмыстар бәсекелестікті де арттырады. Көмірді энергетикаға пайдалану технологиясының Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар, өйткені біздің елде көмірдің жалпы геологиялық қоры шамамен 170 млрд т. құрайды [33].

Қоңыр көмір энергетикалық отын ретінде ғана емес, сондай-ақ өнеркәсіптік және тұрмыстық бағыттағы өнімдерді қайта өңдеу үшін шикізат ретінде де маңызды [34]. Қоңыр көмірдің Б2-Б3 топтарын оларды өндірудің үнемі артуына байланысты кесектелген көмір отынының шикізат базасын дамытуға деген ерекше қызығушылық тудырады. Оларды өндірудің артуы көбінесе ашық әдіспен, яғни арзан жолға негізделген [35]. Бұл көмірлер құрамында күл мен ылғалдың көп мөлшерде болуына байланысты ерекшеленеді және осы қасиеттері өз кезегінде олардың жану жылуын төмендетеді, сақтау кезінде тез бұзылуға ұшыратады, тасымалдауға жарамсыз етеді [36, 37].

Көмір кен орны жерасты суларының балансы мен гидродинамикалық режиміне де кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар әлеуетті қорлар қайта қалпына

келмейтінімен қоса, жер бетіндегі тіршілік иелерін және су экожүйесін өзгеріске ұшыратады. Сондықтан сапасы төмен, күлі көп, практикалық тұрғыда жарамсыз көмірді химиялық және биотехнологиялық қайта өңдеу арқылы құнды өнімдер алуға болады [38-40].

Көмір - сулы суспензия алу технологияларына арналған жұмыстар өте көп [41]. Көмірлердің әр түрлі физико-химиялық сипаттамалары мен өзіндік ерекшеліктеріне байланысты қоңыр көмірден биобрикетті отын алу тиімді болып табылады, себебі:

1. Тас көмірлердің меншікті жану жылуы қоңыр көмірлерден 1,66 есе жоғары. Қатты фазада су-көмір суспензиясының тең концентрациясы кезінде, қоңыр көмірден алынған ерітінділердің меншікті жану жылуы тас көмірдің жануының меншікті жылуынан әрдайым төмен болады. Қоңыр көмірдің меншікті жылуын биотехнологиялық әдістер арқылы теңестіруге болады [42, 43].

2. Биобрикеттің фракциялық құрамы, олардың гранулометриясына байланысты әр түрлі болуы керек. Осыған байланысты қоңыр көмірге енгізілген биомасса қоспалардың мөлшері де олардың реологиялық және шөгінді қасиеттерін жақсартады [44].

3. Тас көмір мен қоңыр көмір бөлшектерінің беткі қасиеттері әр түрлі және түрлі зарядқа ие, сондықтан көмірдің әрбір нақты түрі үшін өзіндік, спецификалық, пластификаторлық және тұрақтандырғыш қоспаларды таңдау қажет [45, 46].

4. Тас көмірлер мен қоңыр көмірлердің ұнтақтылығы жағынан да айырмашылықтары бар. Бұл жағдай көмірдің бірдей ұнтақтау қондырғыларында әр түрі ұнтақтаудың оңтайлы уақытын анықтауды талап етеді. Бір тонна биобрикеттелген отын дайындауға қажет электр энергиясының нақты шығыны көмірді ұнтақтаудың қажетті уақытына тура пропорционал болады. Көмірлердің әр түрлі ұнтақталу коэффициенті сонымен қатар диірмендердегі шарға жүктелуін салмақ бойынша да, шарлардың бөлшек құрамы бойынша да әр түрлі таңдауды қажет етеді [47].

5. Тас көмір мен қоңыр көмірдің химиялық құрамы мен минералды бөлігінің мөлшері әр түрлі болып келеді [48, 49].

6. Тас көмірлер және қоңыр көмірлер құрамындағы ұшпа заттармен ерекшеленеді және олар жану кезіндегі суспензия белсенділігіне байланысты болады. Қоңыр көмірлердің құрамында ұшқыш заттар 44-48% дейін кездеседі [50].

7. Қоңыр көмірлерде көп мөлшерде гумустық қосылыстардың болуы, оларға тас көмірлерге қарағанда басқаша қолданысты қажет ететінін көрсетеді [51]. Су-көмір суспензиясын пластификациялау үшін енгізілген қоңыр көмірдің гумин қышқылдарының химиялық қоспалармен әрекеттесуі ерекше тәсілді қажет етеді, бірақ биобрикеттелген отын алу кезінде химиялық қоспалар қосылмайды.

8. Тас көмір мен қоңыр көмір арасындағы айырмашылықтар қоңыр көмірдің биобрикеттерін дайындауға технологиялық және тұтынушылық талаптардың дұрыс жүргізілуін талап етеді. Қоңыр көмірдің тас көмірмен салыстырғанда,

жану жылуының төмендігіне қарамастан, олардың артықшылықтары болуы мүмкін: ұнтақтауға кететін шығындар, жану жылдамдығының жоғарылығы және т.б. жарамсыз қалған қоңыр көмірдің өзін пайдаға асыруға болады. Бұл практика кезінде экономикалық шығындарды есептей отырып биобрикеттелген отын алуға мүмкіндік береді [52].

Көмір өнеркәсібінде көмірдегі күкіртті және басқа қоспаларды азайтудың бірнеше тәсілдері қолданылады [53]. Өнеркәсіп сонымен бірге көмірді өндіруден кейін де тазартудың оңтайлы әдістерін және тұтынушылары аз күкіртті көмірді пайдаланады [54, 55].

Электр станциялар түтін шығаратын газды күкіртсіздендіру жабдықтарын пайдаланады, оларды скруббер деп атайды. Сонымен қатар, көмір өнеркәсібі көмірден қоспаларды кетіретін немесе өндірілетін пайдалы энергияның бірлігіне жағылатын көмірдің мөлшерін азайтып көмірді үнемдеуді қамтамасыз ететін технологияларды әзірлеуге тырысады [56].

Негізінен  $SO_2$ ,  $NO_x$  және қатты бөлшектердің шығарындыларын азайтуға арналған әдістерді көмірдің кейбір түрлерінен сынапты азайту үшін пайдалануға болады [57]. Ғалымдар сонымен қатар көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларынан сынап шығарындыларын азайтудың жаңа жолдарын қарастыруда [58].

Қазіргі кезде көмірдің жануынан шығатын көмірқышқыл газын азайту бойынша зерттеулер жүргізілуде. Соның ішінде бір әдіс – көміртекті алу [59-61].

Қайта пайдалану және қайта өңдеу көмірдің қоршаған ортаға кері әсерін төмендетуі мүмкін. Көмір өндіруге арналған жерлерді қалпына келтіруде қоқыс полигондары мен алаңдарды пайдалануға болады. Скруббермен жиналған көмір қалдықтардан қабырғаға арналған цемент және синтетикалық гипс сияқты бұйымдар жасауға болады. Қазіргі таңда «пайдасыз қалдық» деген ұғым жойылып, барлық өнімді тұтыну үшін дұрыс технологиялық әдістерді жасау жолға қойылған.

## **1.2 Көмірлердің микробиологиясы**

Ирландия өзінің қатты биомассасының жартысынан көбін өнеркәсіпке пайдаланған жалғыз ел болды (53%), бірақ Финляндия, Швеция, Словакия және Португалияда бұл сектор 40%-дан астамын құрады. Екінші жағынан, Мальта, Эстония, Хорватия және Италия өндірістік биомассаның 5% азын тұтынады. 2017 жылы Германия ЕО ірі биомасса энергиясын өндіруші болды (503 ПДж), одан кейін Франция, Швеция, Финляндия және Италия (әрқайсысы 328–452 ПДж). Осы бес елдің үлесіне ЕО қатты биомассаның алғашқы энергия өндірісінің 51,2% тиді. Польша, Испания, Австрия, Румыния және Ұлыбритания үлесі 25,3%, Чехия, Португалия, Венгрия және Латвия 10,5% құрады. Қалған елдерде өндіріс 75 ПДж-ден төмен. Көптеген елдер энергия өндірісі үшін қатты биомассаның таза импорттаушылары болып табылады. Мальта энергияны өндіруге жұмсалатын барлық қатты биомассаны аз мөлшерде импорттады. Дания елдегі импортқа тәуелділік бойынша екінші орынды иеленді, оның негізгі өндірісі жалпы ішкі тұтынудың 46,3% құрайды. Импорты ең көп ел - Ұлыбритания, ал ірі экспорттаушылары - Латвия мен Германия болып табылады. Еуропа елдерінің 2012 жылы энергия өндірісі үшін ағаш биомассасының қол жетімділігі есептелді [242]. Мүше мемлекеттің технологиялық жылу өндірісі үшін қатты биомассаны қосымша жергілікті жеткізу мүмкіндігін білдіру, сілтеме және анықтамалық бойынша есептелген биомасса потенциалдарының арақатынасы 2017 жылы көрсетілген биомассаның жалпы ішкі тұтынуы көрсетілген. Маңызды әлеует Словения, Словакия, Латвия, Эстония, Ирландия, Швеция, Люксембург, Румыния, Португалия, Франция, Болгария, Финляндия, Литва, Чехия, Польша, Германия және Австрияда бар. Энергетикалық мақсаттарға арналған қатты биомассаның жаңару қабілеттілігі, көміртектің бейтараптылығы, жан-жақтылығы, реактивтілігі жоғары, бетінің үлкен ауданы, ал биомассаның кейбір түрлері үшін күкірт пен күлдің мөлшері аз, жергілікті қол жетімділігі және арзан құны сияқты қолайлы сипаттамалары бар. Сонымен бірге оның қазба отынымен салыстырғанда келесі кемшіліктері бар: калориялығы төмен, сусымалы тығыздығы төмен, ұнтақталуы нашар, меншікті энергиясы төмен және ылғалдылығы жоғары. Бұл кемшіліктерді биомассаның сапасын жақсарту арқылы жоюға болады. Жаңартылған биоотынның ішінде көмір ең жоғары тіркелген көміртегі мен калориялық құндылыққа ие. Қатты биомассаны отын ретінде пайдалану үшін оның физикалық, химиялық және жану қасиеттерін білу және түсіну қажет; олардың қасиеттері тотықтырғышқа және процеске тәуелді болады. Термохимиялық биомассаны түрлендіру тұрғысынан маңызды болып саналатын қасиеттерге мыналар жатады: элементтік құрамы, күлділігі, ұшқыш заттар құрамы, ылғалдылығы, калориялығы және жалпы тығыздығы [243]. Әдетте, құрғақ қатты биомассаның ең көп кездесетін элементі - көміртек (30-60%), содан кейін оттегі мен сутегі. Азот, күкірт және хлор кездеседі, бірақ олардың мөлшері 1% аз болады [244] және олардың төмен концентрациясына қарамастан, олар атмосфераға ластаушы заттардың ілеспе шығарындыларына байланысты маңызды. Бейорганикалық элементтер қатты биомассада да болады: ағаш күл мөлшері (1-ден 3%-ке дейін) аз. Кейбір ауылшаруашылық материалдарының (бидай сабаны және күріш қауызы) күлділігі жоғары болады



(сабан мен қауыз үшін 20%) [245]. Биомассаның құрамы мен жалпы күлділігі кейбір элементтердің күл түзілуіне және шлактануына үлес қосуына байланысты жану жүйелерінің құрылымы мен жұмысына әсер етеді [246-248], ал басқалары коррозия мен ластануға ықпал етеді. Әдетте шикі қатты биомассаның (отын) ұшқыш құрамы жоғары және көміртегі мөлшері көмірмен салыстырғанда салыстырмалы түрде аз болады [249], нәтижесінде термохимиялық энергияны түрлендіруге арналған биомассалық отынның артықшылықтары пайда болады. Жоғары ұшпа құрамы қатты биомасса отындарының жылдам реактивтілігіне жауап береді [250] және биомассаны жақсы әлеуетті шикізатқа айналдырады, мысалы, жанама газдандыру үшін және ұнтақты отынның жануы [251]. Алайда, салыстырмалы түрде жоғары оттегінің құрамы төмен калориялық мәнге ықпал етеді, бұл жалпы көлемнің төмен тығыздығымен бірге аз энергия тығыздығына әкеледі. Қатты биомассаның көлемдік тығыздығы маңызды параметр болып табылады, өйткені ол отын беру жүйелерінде сақтау мен процесті басқаруға әсер етеді [252]. Қатты биомассаның көлемдік тығыздығының ауқымы кең: массивті материалдар үшін шамамен 20 кг/м<sup>3</sup>-тен қатты ағаш үшін 900 кг/м<sup>3</sup>-қа дейін болады. Шикі биомассаның тағы бір кемшілігі жоғары ылғалдылық болуы мүмкін, бұл жылу мөлшері мен жану тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Көптеген биомасса отындары ылғалдылығы шамамен 65% жоғары жануды қолдай алмайды, ал ылғалдылығы 50-55% жоғары отындар жанғанда, жану камераларының көпшілігі қосымша отынды қажет етеді және СО сияқты толық емес жану өнімдерін шығаруы мүмкін. Биомасса ылғалдығы жану сипаттамаларына және жалынның адиабаталық температурасына әсер етуден басқа, энергия бірлігінде өндірілетін түгін газдарының көлеміне және жану камераларының көлеміне әсер етеді. Ылғал биомасса отындары ұзақ уақытты қажет етеді, нәтижесінде үлкен пештер болады. Биомассаның төмен калориялық құндылығы мен көлемдік тығыздығын термиялық өңдеу және тығыздау арқылы жақсартуға болады. Түйіршіктеу немесе биобрикеттеу сияқты тығыздықтар биомассаның көлемдік тығыздығын 700 кг/м<sup>3</sup> жоғары етеді [253]. Термохимиялық конверсия үшін термохимиялық түрлендіру биомассаны көмірге ұқсас етеді. Торрефакция, жұмсақ термиялық өңдеу нәтижесінде шикізатқа қарағанда ұшқыштары мен ылғалдылығы аз ішінара газдалған отын пайда болады. Жоғары температураны қажет ететін көмірді өндіру нәтижесінде бастапқы биомассаға қарағанда ұшқыштары мен ылғалдылығы әлдеқайда төмен шикізат пайда болады. Оларды тығыздағышпен біріктіруге болады, бұл өз кезегінде биомассаның отын көлемінің тығыздығын едәуір жақсартады [254]. Биомассаның термиялық өңдеу арқылы жақсартуға болатын тағы бір қасиеті – ұсақтау [255-258], бұл ұсақтауға қажетті энергия шығынын азайту үшін маңызды (олардың талшықты табиғатына байланысты, биомасса материалдарын ұнтақтау көмірге қарағанда қиынырақ [259]).

Африка – өте ірі аймақ, оның энергетикалық контекстін немесе ауылшаруашылық қалдықтарының болуын жалпылау арқылы жеткілікті түрде сипаттауға болмайды. Дегенмен, әлемнің әр түкпіріндегі брикеттеу қондырғыларының жай-күйіне қараған кезде, Африка елдеріндегі жағдайдың

Азия мен Оңтүстік Америкадағы жағдайдан өзгеше айырмашылығын байқауға болады. Африкадағы қалдықтарды брикеттеудің тарихы, әдетте, сәтті болмаған әр түрлі елдердің жеке жобаларының бірі болып табылады. Ұқсас технологияға негізделген брикеттеу қондырғыларының жиынтығы нарыққа шыққан бірде-бір мағлұмат тіркелген емес. Өндіріс процесі туралы ешқандай дәлел жоқ. Брикеттеуге алғашқы қызығушылық 70-ші жылдардың соңында, бірқатар еуропалық компаниялар машиналарды әр түрлі елдерде сатуға тырысқан кезде пайда болды (50-ші жылдардың басында бірнеше брикеттеу машиналары орнатылған, бірақ олар көзге көрінбестен жоғалып кетті). Кейбір жерлерде жетістіктер болған сияқты, бірақ бұл машиналардың ешқайсысы әлі де жұмыс істеп жатқанына нақты дәлел жоқ. Алғашқы машиналардың кейбірі Батыс Африкада жержаңғақ қабығын брикеттеу үшін сатылды; 1979 жылы Нигердегі Ниамейден оңтүстік-шығысқа қарай 140 км қашықтықта орналасқан Доссо зеңбірек зауытында екі Hausmann прессі орнатылды, ал 1981 жылы Данияда өткізілген түрлі нарықтық зерттеулер мен техникалық сынақтардан кейін машина Гамбиядағы Каур зауытында пайдалануға берілді. Бұл зауыттардың ешқайсысы табысты болмады. Жоғарыда аталған кәсіпорындардың барлығын Эфиопия мен Ганадағы жеке кәсіпорындарды, Замбия мен Малавидегі кәсіпорындарды және Кениядағы екі өнеркәсіптік кәсіпорындарды қоспағанда, даму агенттіктері қаржыландырды. Сәтті аяқталмағанның өзінде, брикеттеудің болашағын көріп, сондай технологияға ұмтылғанының өзі қаншалықты маңызды екені түсінікті. Африка елдеріне көп жағдайда энергия көзі ретінде пайдаланып жатқан, арзан өнім – ағаштарды сақтап қалу мақсатында, оларға балама бола алатын өнімдерді (қалдықтарды) брикеттеу үшін керек болды [260].

Бразилиядағы алғашқы брикеттеу машиналарын еуропалық өндірушілермен бірлескен кәсіпорында Hausmann типті машиналарды шығару үшін құрылған бразилиялық HANSA компаниясы орнатқан [261]. Сапасы жағынан жақсы болмаса да, қазіргі күнде өз жұмысын жасап жатыр. Үндістан – өте ірі және әр түрлі энергетикалық экономикасы бар ел, ол шикі биомассаның жағылуына, әсіресе ауылдық үй шаруашылықтарына, электр энергиясын өндірудің және көмірсутектерді пайдаланудың озық технологияларына тәуелді. Дегенмен, Үндістанды ауыл шаруашылығы қалдықтарын брикеттеуді қолдануды талдау үшін өте ауқымды елге айналдыратын төрт жалпы фактор бар. Біріншіден, елдің қатты отынның әр түріне тәуелділігі. Бұл негізінен отынды ғана емес, сонымен қатар шикі ауылшаруашылығы қалдықтары, көнді жағатын ауылдық үй шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындарға қатысты. Сонымен қатар, ағаш отыны қалалық жерлерде кеңінен қолданылады және көмір, көбінесе күлді көмір өнеркәсіпте негізгі отын болып табылады. Көмір белгілі бір дәрежеде үй шаруашылығында қолданылады, әдетте түтінсіз брикеттер түрінде, бірақ биомассадан басқа үй шаруашылықтары үшін ең маңызды отын – керосин немесе газ. Осылайша, негізінен, брикеттерді қолданыстағы жабдықты тікелей алмастыру ретінде сатуға болатын бірқатар қолданыстағы нарық бар. Екіншіден, көмір олардың негізгі қазба отыны; сұйық және газ тәрізді көмірсутектер шектеулі мөлшерде ғана кездеседі. Осылайша, кез келген арзан жергілікті

отынның, мысалы, табиғи газдың немесе сұйытылған газдың, үй шаруашылықтары мен өнеркәсіп үшін негізгі отынға айналу мүмкіндігі аз. Үндістанның экономикалық саясаты әрқашан өзін-өзі қамтамасыз етуге үлкен мән береді, сондықтан соңғы жылдары жағдай біршама өзгергенімен, көлік секторынан тыс көмірсутегі шикізатын пайдалануды ұлғайту мүмкіндігі шектеулі. Үнді көмірі мол, бірақ көбінесе құрамында күлі көп, сапасы төмен. Алайда, өндіріс тарлығына және электр энергиясына сұраныстың артуына байланысты, бұл көбінесе өнеркәсіптік пайдаланушылар үшін жеткіліксіз болып табылады. Үшіншіден, бұл өте ірі ауыл шаруашылық саласы, оның құрамына ірі дақылдарды сату үшін өңдейін коммерциялық сектор кіреді. Бұл ауылшаруашылық қалдықтары ауылдық-өнеркәсіптік ауқымға дейінгі барлық мүмкін өндіріс масштабында брикеттеуге негіз болатындай жеткілікті мөлшерде болуы мүмкін. Коммерциялық орман шаруашылығы бірнеше шалғай аудандармен шектелген, сондықтан ағаш қалдықтарын пайдалану соншалықты пайдалы емес. Алайда, соңғы жылдары отынды орман егіндеріне аздап инвестиция құйылды, бұл болашақта ағаш қалдықтарының көзіне айналуы мүмкін. Төртіншіден, брикеттеу қондырғыларының барлық түрін жобалауға және шығаруға қабілетті дамыған машина жасау саласы. Отандық өнеркәсіп жақсы қорғалған, сондықтан брикеттеу жабдықтарын өндірушілер нарықта үстемдік ете алады [262, 263].

Таиландтың энергетикалық саласын екі бөлікке бөлуге болады: елдің көп бөлігін 50 миллион халықтың 70%-ын қамтитын ауылдық бөлік және негізінен Бангкок пен оның айналасында шоғырланған қалалық және өнеркәсіптік бөлігі. Теңіздегі газ бен мұнай қалалар мен өнеркәсіптегі энергияға деген қажеттіліктің бір бөлігін қанағаттандыра алады, бірақ импорттық мұнай елдің энергетикалық қоспасының негізгі бөлігін жалғастыруда. Осы ауданда отын мен қоңыр көмірге негізделген электр энергиясы да басым болады. Дегенмен, көмір таяу болашақта қалалық тұрмысы төмен тұрғындардың, сонымен қатар мейрамханалар мен шағын тамақ өнеркәсібінің негізгі отыны болып қала береді. Ауыл тұрғындары үшін ағаш пен қоңыр көмір негізгі отын болып табылады, ал ормандардың жойылуы оларды елдің кем дегенде кейбір жерлерінде тапшы етті. Ормандардың жойылуының негізгі себебі - отын үшін ағаш кесу емес, плантациялар үшін жерді тазарту және ағаш өңдеу өнеркәсібі үшін ағашты пайдалану. Таиландта Орталық жазықтар мен солтүстік-шығыстың көп бөлігінде отын жинау қиын және халыққа үлкен қиындық туғызады [264].

Отынның жетіспеушілігі дамушы елдерде кеңінен таралған және олар күнкөріс пен плантациялық егіншілік үшін жерді тазартуға, ішкі және экспорттық құрылыстарға коммерциялық кесудің шамадан тыс және тиімсіз болуына, өсіп келе жатқан қалалық сұранысты қанағаттандыру үшін көмір өндіруге байланысты кеңінен таралуда. Сонымен қатар, ормандардың жойылуының экологиялық және әлеуметтік-экономикалық әсері кең таралған және күрделі. Бұл жұмыс отынды көмір брикеттерімен алмастыруға сапасыз отандық көмірді қолдануға бағытталған. Антрацитсіз көмірді немесе көмір брикеттерін жағудан денсаулыққа елеулі жағымсыз әсерлерді күтуге болады,

бірақ көмірді жағудың қауіпсіз түріне айналдыратын карбонизация деп аталатын технология бар. Көмірді биобрикеттеуге және көмірлендіруге байланысты шығындар «түтінсіз» көмір биобрикеттерін ағаш пен көмірге бәсекеге қабілетті бағамен өндіруге болатынын көрсетеді. Жоғарыда аталған жұмыстар бойынша, әлемде ЕО елдерімен қатар АҚШ қарқынды жұмыс жасауда. Ғылым мен өндірісті байланыстыра отырып, түтінсіз отынды шығаруды жылдан жылға көбейту үстінде [265].

Отандық биобрикет өндірісіне тоқталатын болсақ бұл өндіріс елімізде қолға алынбаған. Қазіргі таңда тек дайын көмірді пайдалануда. Сапасы нашар қоңыр көмірді үйінді ретінде жинақтап қойып жатыр. Сол жиналған үйінділерді пайдаға асыру мақсатында ауқымды жұмыстар жасау керек. Алдағы жарты ғасыр ішінде сұраныстың болуына байланысты, Қазақстан үшін маңызды міндеттердің қатарында тұр. Себебі, халықтың көп бөлігі ауылды аймақтарда қоныстанған [266]. Биомассаның тұрақты өндірістік қолданылуын ынталандыру әр түрлі технологиялық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескеруі керек. Бұл аспектілер әлемнің әр түрлі аймақтарында және елдерінде айтарлықтай өзгертіндіктен, биомассаны технологиялық жылу ретінде пайдаланудың бірыңғай жаһандық шешімі жоқ. Сонымен қатар, әрбір өнеркәсіптік секторда қатты биомасса энергиясын одан әрі пайдалану бойынша өзіндік міндеттер бар.

Негізгі материалдарды өндіру үшін энергияны көп қажет ететін өндірістерді терең декарбонизациялау экономикалық көрсеткіштердің жақсаруына байланысты емес, ұзақ мерзімді климаттық саясатқа байланысты болады. Көптеген энергияны қажет ететін негізгі материалдар өнеркәсібі халықаралық өнімдер нарығында жұмыс істейді, стандартты өнімдерге, үлкен көлемге және баға бәсекелестігіне негізделген. Демек, оларға әр түрлі ұлттық саясатқа байланысты көміртегі шығындарының айырмашылығы әсер етеді, бұл өнеркәсіпті ығыстыруға және бәсекеге қабілеттілікті жоғалтуға әкелуі мүмкін. Өнеркәсіпте биоэнергияны қолдану жылдамдығын жоғарылату саясатының түрін конверсияның әр технологиясы мен орналасуы үшін анықтау және әзірлеу қажет. Әр түрлі технологиялардың жетілу кезеңі саясат таңдауына әсер етуі мүмкін. Газдандыру сияқты жаппай нарыққа жақын технологиялар сенімділігін арттыратын және шығындарды азайтатын реттеу саясатына сәйкес келеді.

Тұтынушылар үшін отын брикеттерінің сапасының басқа көрсеткіштері де маңызды. Атап айтқанда: ыңғайлы қаптама, үлкен брикеттер үшін де төмен салмақ, жоғары тығыздық - бұл қойманың көлеміне талап етпейді, шикізаттың экологиялық тазалығы, аллергиялық қауіпсіздік, қауіпсіз сақтау - брикеттер өздігінен жануға бейім емес, жану процесі лас қалдықтардың немесе күйенің пайда болуымен жүрмейді, брикеттерінің жануы кезінде атмосфераға көмірқышқыл газының шығарылуы минималды, бұл дамыған елдерде жоғары бағаланады. Брикеттер нарығының әлеуетті тұтынушылары 1 - кестеде көрсетілген [267].

Кесте 1 - Брикеттер нарығындағы әлеуетті тұтынушылары

Тұтынушылар	Даму болашағы
Ірі немесе табысы жоғары қалаларға жақын жеке секторлар	Жеке коттеждерде орнатылған брикеттерді жағуға арналған пиролиз қазандықтары табысы орташадан жоғары азаматтар үшін қол жетімді - олардың құны бірнеше мың еуроға бағаланады.
Бірнеше мың шаршы метрге дейінгі жеке ғимараттар	Отын брикеттерін жағу үшін қазандықтарды пайдалану экономикалық шығындардың төмен болуына байланысты экономикалық тұрғыдан негізделген. Бұл қазандық тұрақты қызмет көрсетуді қажет етпейді, автоматты режимде жұмыс істейді және брикеттерді мезгіл-мезгіл жеткізіп отыруды, күлден тазартуды қажет етеді, оны 2-3 аптада бір рет жасауға болады.
Орталықтан жылытылатын коттедж-қалашықтар	Жылыту қазандығының құрылысы жылу қазандығы инвесторға тиесілі болған жағдайда, жылу энергиясын және ауыл тұрғындарына ыстық сумен жабдықтауды сату арқылы жылу инфрақұрылымына салынған инвестициялардың құнын төмендетуге және бизнестің табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді. Көп пәтерлі үйлер мен көпқабатты үйлер туралы да осыларды айтуға болады.
Брикеттелген қазандықтарды жобалау бойынша бағдарламалар.	Биобрикет қазірдің өзінде практикалық қызығушылық тудырады. Оны пайдалану әсіресе орталық жылыту жоқ жерлерде маңызды.
Дәстүрлі отынды қолданатын қазандықтарды брикеттерге ауыстыру	Көптеген қазандықтар мен жылу электр станциялары жабдықтардың тозуына байланысты жедел қайта құруды талап етеді. Әрбір осындай нысан үшін болашақта отынның қандай түрін қолдану керектігін анықтау үшін егжей-тегжейлі талдау жүргізілуі керек.


Келтірілген мағлұматтардың барлығы биобиобрикеттеудің дамуы үшін берік негіз болуы керек дегенді білдіреді.

Мұның бәрі биобрикеттеудің дамуы үшін берік негіз болуы керек дегенді білдіреді.

## 2 ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІ, МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

### 2.1 Зерттеу объектілері

Бұл жұмыста В3 класының Леңгір бассейнінің (Түркістан облысы (1): 42°15'32.7"N, 69°43'14.0"E) қоңыр көмірлері (ЛҚК) және Ой-қарағай бассейнінің (Алматы облысы (2): 43°11'35.5"N, 80°35'42.8"E) қоңыр көмірлері (ОҚК) пайдаланылды (сурет 4). Көмір сынамаларын іріктеу ISO 18283: 2006 «Hard coal and coke - Manual sampling» және МЕМСТ 10742-71 «Қоңыр көмір, тас көмір, антрацит, майлы тақтатаc және көмір брикеттері. Сынамаларды алу әдістері және үлгілерді өңдеу» талаптарына сай жүргізілді.



Сурет 4 - Сынамаларды алу нүктелері: Леңгір (1) және Ой-қарағай (2) қоңыр көмір кен орындары

### 2.2 Зерттеу материалдары

Микроорганизмдерді дақылдау үшін келесі қоректік орталар қолданылды:

Өзгертілген (модифицирленген) минералды орта (мг/л):  $\text{NH}_4\text{NO}_3$  - 2,50,  $\text{KH}_2\text{PO}_4$  - 1,75,  $\text{K}_2\text{HPO}_4$  - 0,75,  $\text{MgSO}_4$  - 0,75,  $\text{NaCl}$  - 0,25,  $\text{ZnSO}_4$  - 88,0,  $\text{FeCl}_3$  - 88,0,  $\text{CuSO}_4$  - 16,0,  $\text{MnCl}_2$  - 14,0,  $\text{MoO}_3$  - 7,0,  $\text{Co}(\text{NO}_3)_2$  - 5,0. Микроорганизмдерге қоректік ортаның құрамындағы көміртегі (C) мен азоттың (N) жалғыз көзі ретінде стерилді қоңыр көмір қосылды [292].

Құрамында стерилді көмірі бар (массасы 1%) Ренни ортасы (MR): pH 7,0,  $\text{KH}_2\text{PO}_4$  - 6,67,  $(\text{NH}_4)_2\text{HPO}_4$  - 4,  $\text{MgSO}_4 \times 7\text{H}_2\text{O}$  - 0,8, лимон қышқылы - 0,8 г  $\text{FeSO}_4 \times 7\text{H}_2\text{O}$  бар микроэлементтердің 5 мл ерітіндісін қосқанда - 10,  $\text{CaCl}_2$  - 2,  $\text{ZnSO}_4 \times 7\text{H}_2\text{O}$  - 2,2,  $\text{MnSO}_4 \times 4\text{H}_2\text{O}$  - 0,5,  $\text{CuSO}_4 \times 5\text{H}_2\text{O}$  - 1,  $(\text{NH}_4)_6\text{Mo}_7\text{O}_{24} \times 4\text{H}_2\text{O}$  бар ерітінді - 0,1 және  $\text{Na}_2\text{B}_4\text{O}_7 \times 10\text{H}_2\text{O}$  - 0,02, 0,5 М HCl ерітілген ерітіндісі.

LB ортасының құрамы (г/л): триптон - 10, ашытқы сығындысы - 5, NaCl - 5.

Ет-пептонды агардың құрамы (г/л): пептон - 5,0, NaCl - 5,0, етті сығынды - 1,5, ашытқы сығындысы - 1,5, агар - 15,0.

SOB (Super Optimal Broth) ортасының құрамы (г/л) 1 литр дистилденген суға: бакто-пептон - 10,  $K_2HPO_4$  - 1,5, темір аммоний цитраты - 0,75,  $Na_2S_2O_3 \times 5H_2O$  – 1, агар - 15.

### 2.3 Зерттеу әдістері

#### 2.3.1 Қоңыр көмірлердің техникалық көрсеткіштеріне талдау жүргізу әдістері [268-273]

##### 2.3.1.1 Қоңыр көмірлердің ылғалдылығын анықтау әдісі

Өлшенген бюксті 1 г көмір үлгісімен бірге 105-110°C дейін қыздырылған кептіргіш шкафқа 60 минутқа салады. Содан соң 2-3 минут салқындатып, кейін эксикаторда бөлме температурасына дейін суытып, өлшейді. Нәтижесі ретінде ең төменгі масса алынады. Аналитикалық үлгідегі судың массалық үлесін ( $W$ ) проценттік түрде (1) формулаға сәйкес есептейді:

$$W = \frac{m_1}{m} \cdot 100 \quad (1)$$

мұндағы,  $m_1$  – өлшенген көмір үлгісін кептіргеннен кейінгі массасы, г.;  $m$  – өлшенген көмір үлгісінің массасы, г.

##### 2.3.1.2 Қоңыр көмірлердің күлділігін анықтау әдісі

Көмір үлгісінің 1 г фарфор қайықшасының шетіне тигізбей, біртекті етіп жаймалап, 300°C-қа дейін қыздырылған муфельді пешке салынады. 1 сағаттың ішінде муфельді пешті біртіндеп 800°C-қа дейін қыздырып осы температураға жеткеннен кейін тағы 1 сағат ұстайды. Күл қалдығы бар қайықшаларды муфельді пештен шығарып, ауада 5 минут, кейін эксикаторда бөлме температурасына дейін суытылады. Отын үлгісінің күлділігі (2) формулаға сәйкес есептелінді:

$$A = \frac{G_1}{G} \cdot 100 \quad (2)$$

мұндағы,  $G_1$  – күл қалдығының массасы, г;  $G$  - өлшенген көмір үлгісінің массасы, г.

##### 2.3.1.3 Қоңыр көмірлердегі жалпы күкірт мөлшерін анықтау әдісі

Жалпы күкірт мөлшері ( $S_{total}$ , %) құрамында органикалық күкірт ( $S_O$ , %), пиритті ( $S_P$ , %) және сульфатты ( $S_S$ , %) болады. Талдау жасауға 1 г көмір үлгісі алынады. Қоңыр көмірдің аналитикалық үлгісінде жалпы күкірттің болуын ( $S_{total}$ , %) протоколға сәйкес күкірт қышқылды барийге ( $BaSO_4$ ) қарап анықтайды. Пайыздық жоғарылығы төмендегі формула (3) арқылы анықтайды:

$$S_{total} = \frac{(G_1 - G_2) \cdot 0,1373}{G} \cdot 100 \quad (3)$$

мұндағы,  $G$  – өлшенген көмір үлгісі, г;  $G_1$  - көмір үлгісін талдауда алынған  $BaSO_4$  массасы, г;  $G_2$  - көмір үлгісінің бақылау талдауында алынған  $BaSO_4$  массасы, г; 0,1373 –  $BaSO_4$  массаларының күкірт массасына қайта есептеу коэффициенті.

Сульфатты күкірттің болуы ( $S_s$ , %) қайнату арқылы өлшенген көмір сульфаттарының құрамындағы сульфат-ион түрінде сұйылтылған  $HCl$  араластыру арқылы келесіде тұнбаға түсетін  $BaSO_4$  анықталды.

Пиритті күкірттің болуы ( $S_p$ , %) өлшенген көмірді  $HNO_3$  мен тотықтыру арқылы келесіде титрометриялық колчеданды темірде күкірттің болуымен төмендегі формула (4) арқылы анықтайды:

$$S_p = \frac{N (v - v_1) 0,064 \cdot 100}{m} \quad (4)$$

мұндағы,  $N$  - натрий тиосульфаты ерітіндісінің концентрациясы, н;  $v$  – ерітіндінің титрлеуге жұмсалған көлемі, мл;  $v_1$  – қорытынды тәжірибедегі ерітіндінің көлемі, мл; 0,064 – натрий тиосульфатының 1 н. ерітіндісінің 1 мл-дегі күкірттің мөлшері, г;  $m$  – қоңыр көмірдің нақты мөлшері (өлшемдісі), г.

Органикалық күкірт ( $S_o$ , %) формула (5) арқылы анықтайды:

$$S_o = S_{total} - (S_s - S_p) \quad (5)$$

#### 2.3.1.4 Қоңыр көмірлердегі ұшқыш заттардың шығуын анықтау әдісі

Талдау үшін 1 г қоңыр көмірді алдын ала өлшенген ыдысқа салып,  $850^{\circ}C$ -қа дейін қыздырылған муфель пешке орналастырады. 7 минут өткеннен кейін ыдысты қақпағы жабық күйінде – ауада, кейіннен эксикаторда бөлме температурасына дейін суытады. Салмағын өлшеп, ұшпайтын қалдығынан босатады. Көмір үлгісіндегі ұшқыш заттардың ( $V$ , %) шығуын (6) формула бойынша есептейді:

$$V = \frac{(m_2 - m_3) \cdot 100}{(m_2 - m_1)} - W \quad (6)$$

мұндағы,  $m_1$  – бос ыдыстың салмағы, г;  $m_2$  – қыздыруға дейінгі ыдыстың салмағы, г;  $m_3$  – қыздырудан кейінгі қалдықтың массасы, г;  $W$  – қоңыр көмір үлгісіндегі ылғалдың массалық үлесі (%).

#### 2.3.1.5 Қоңыр көмірлердің жану жылуын анықтау әдісі

Бұл әдіс көмір үлгісінің сығылған оттегі ортасында тұрақты көлем кезінде калориметрлік бомбада толық өртенуіне негізделген. Сұйықтық типті жану калориметрі қолданылады. Көмір үлгісінің меншікті жану жылулығы ( $Q$ , кДж/кг) формула (7) арқылы есептелінеді:



$$Q = \frac{C_i \cdot \Delta t - m_1 \cdot q_1}{m} \quad (7)$$

мұндағы,  $C_i$  – калориметрлік жүйенің энергетикалық эквиваленті, кДж/°С;  $\Delta t$  – калориметр ыдысындағы түзетілген температура өсімі;  $m_1$  – жану алдындағы және кейінгі тұтану сымның массаларының айырмашылығының өлшемі, кг;  $q_1$  – сымның меншікті жану жылуы;  $m$  – көмір үлгісі өлшемдісінің массасы, кг.

### 2.3.1.6 Қоңыр көмірлердің тығыздығын анықтау әдісі

Қоңыр көмірдің механикалық сипаттамасы ретінде нақты беріктікті технометриялық әдіспен анықтайды. Құрғақ салмақтағы көмірдің тығыздығын (г/см<sup>3</sup>) төмендегі формула (8) арқылы есептейді:

$$l = \frac{m}{m_1 - (m_2 - m)} \quad (8)$$

мұндағы,

$$m = \frac{a(100 - W)}{100} \quad (9)$$

$m$  – құтының құрғақ массасы, г;  $m_1, m_2$  – пикнометр массасы, сәйкесінше суландырғыш ерітіндісімен және көмір үлгісімен, г;  $a$  – көмір құтысы, г;  $W$  – көмір үлгісіндегі ылғалдылық мөлшері, %.

### 2.3.2 Қоңыр көмірлердің элементтік құрамын анықтау әдісі

Элементтік талдау микроанализге арналған стандартты vario EL cube (Германия) және EDAX GENESIS 2000 қондырғысына орнатылған JEOL-6380LV (Jeol, Япония) сканерлеуші электронды микроскоппен жасалды.

### 2.3.3 Қоңыр көмірлердің құрылымдық құрамын Раман спектроскопиясы арқылы анықтау әдісі

Қоңыр көмірдің құрылымдық құрамын талдау үшін Solver Spectrum (NT-MDT, Ресей) Раман спектрометрі қолданылды. Спектрлер толқын ұзындығы  $\lambda = 473$  нм болатын қатты күйдегі диодты лазер арқылы қозған кезде алынады. Лазер сызығы диаметрі 2 мкм,  $100 \times / 0.7$  NA Mitutoyo линзасын қолдана отырып, сынамаға бағытталады. Дифракциялық тордың спектрлік ажыратымы  $4 \text{ см}^{-1}$ .

### 2.3.4 Қоңыр көмірлердің минералды бөлігін рентгендік талдау арқылы анықтау әдісі

Қоңыр көмірдің минералды бөлігінің рентгендік флуоресцентті талдауы Empyrean X-ray Diffraction System (Голландия) дифрактометрінде рентгендік сәулеленудің ыдырауы әдісімен іске асырылды.

### **2.3.5 Қоңыр көмірлердің органикалық және бейорганикалық заттардың құрамын Фурье спектроскопиясы арқылы анықтау әдісі**

FTIR-ді Nicolet 6700 с KBr спектрометрін қолдану арқылы талданды. Қоңыр көмір үлгісінің ИҚ-спектрі 400 ден 4000 см<sup>-1</sup> диапазонында тіркелді. Сипаттамасы: сканерлеу саны – 32; тұнықтығы – 4,000; нөлдермен толықтыру – 2; лазердің HeNe жиілігі – 15 798,0 см<sup>-1</sup>; шыңының позициясы – 8 192. Аподирлеу функциясы - N-V; фондық сканерлеу – 32; фондық күшею коэффициенті – 1,0; Оптикалық талшық – 100,00; жоғары жиілік фильтрі - 200,0000; төменгі жиілік фильтрі - 20000,0000; Деректерді жинау әдісі - GC/IR; Соңғы формат - % берілім.

### **2.3.6 Қоңыр көмірлердің микроқұрылымын оптикалық микроскоп арқылы зерттеу әдісі**

Қоңыр көмірдің үлгілерін талдау кезінде тура оптикалық микроскоп DM 6000M (Leica) қолданылды. Микроскоптың максималды ұлғайтуы 150× және тұнықтығы 200 нм-ге дейін жететін алты объективі бар. Зерттеулерде жарық өрісі (BF) және қараңғы өріс (DF) әдістері қолданылды.

### **2.3.7 Қоңыр көмірлердің беттік сипаттамасын сканерлеуші электронды микроскоп арқылы зерттеу әдісі**

Сканерлеуші электронды микроскоп Quanta 200i 3D (FEI, Голландия) тездетуші кернеуі 10-30 кВ негізінде көмір бетінің топографиясы мен микрообъектілерді зерттеу үшін қолданылды.

### **2.3.8 Қоңыр көмірлердің микробиологиясын зерттеу әдістері**

#### **2.3.8.1 Қоңыр көмірлердің микробтық қауымдастықтарын анықтау үшін метагеномды талдау жүргізу әдісі**

Illumina платформасында жаңа ұрпақ секвенирлеу технологиялары үшін кітапханалар дайындаудың жалпы тәсілі бірнеше кезеңнен тұрады: 1. Үлгіден жаппай ДНҚ-ны бөлу; 2. Секвенирлеу үшін бөліктерді анықтау мен полимеразды тізбекті реакция (ПТР) көмегімен ары қарайғы амплификация үшін праймерлердің скринингін жүзеге асыру; 3. Секвенирлеу үшін алынған кітапханаларды екі еселік баркодирлеу; 4. Секвенирлеу; 5. Алынған деректердің биоинформатикалық талдауы мен визуализациясы. Әр кезең өндіруші компанияның стандартты протоколдары бойынша іске асырылды [275]. Үлгілерді секвенирлеу Ішкі Моңғолия университетінде (Қытай) Illumina (АҚШ) компаниясының HiSeq құралында стандартты протоколдар бойынша жасалды [276].

#### **2.3.8.2 Қоңыр көмірлердегі бактериялардың жалпы санын анықтау әдісі**

Көмір үлгілері стерилді құрал көмегімен алынып, сол күні зерттеу жүргізіледі. Кох әдісі бойынша көмір үлгісін Петри табақшасындағы қоректік ортаға отырғызу мен кейіннен өсіп шыққан КТБ саналады [274]. Жұмыс үш кезең

бойынша өтеді: сұйылту дайындау → Петри табақшасына отырғызу → өсіп шыққан колонияларды санау.

Колониялардың сандық есебі (10) формула арқылы жүзеге асады:

$$m = \frac{a \cdot \mu \cdot 100}{V} \quad (10)$$

мұндағы,  $a$  – бір Петри табақшасында өсіп шыққан микроорганизмдердің орташа саны;  $\mu$  – сұйылту деңгейі;  $V$ - егу үшін енгізілген инокуляттың мөлшері.

### **2.3.8.3 Қоңыр көмірлерден бактериялардың таза дақылын бөліп алу әдісі**

Тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін алынған дақылдардың клеткалары ЕПА-да 30°C температурада 1-2 күн бойы өсірілді, клеткалардың тіршілік әрекетін 1-2 күннен кейін қайта егу арқылы жалғастырып, ~ 7°C температурада сақталды. Таза дақылдарды алу үшін бактериялардың дақылдарының клеткаларын талдамалы (4 сегментті) егу әдісі қолданылды.

### **2.3.8.4 Бөлініп алынған бактериялардың таза дақылдарының қоңыр көмірлерде өсу қабілеттілігін зерттеу әдісі**

Қоңыр көмірде өсу қабілеттілігін зерттеуді концентрациясы 5% қоңыр көмір қосылған 100 мл стерилді минералды ортасы бар 300 мл Эрленмейер колбаларында анықтайды. Қоңыр көмір үлгілері 1 атм автоклавта стерилденді. Қоректік орталарды бактериялар клеткаларының концентрациясы  $10^8$  кл/мл-дей болатын екі тәулікті бактериялық суспензия арқылы инокуляцияланды. Процесс 30°C температурада механикалық араластырумен (150 айн/мин) термошейкерде жүзеге асырылды. Көмір мен бактериялардың байланыс процесі 14 күнге созылды. Қоңыр көмірі бар ортада бактериялардың өсу қабілеттілігін клеткалардың көбею белсенділігіне қарап анықтайды. Тәжірибе үш рет қайталана өткізілді.

### **2.3.8.5 Қоңыр көмірлерде өсу белсенділігі жоғары бактерия дақылдарын идентификациялау әдісі**

Штамдардың идентификациясы геннің 16S rRNA фрагментінің тура нуклеотидті тізбегін анықтау, нуклеотидті сәйкестікті ары қарай Gene Bank халықаралық дерекқорында депозиттелген тізбектермен анықтау және референтті штамдардың нуклеотидті тізбектерімен филогенетикалық дендрограммаларды құрастыру әдісі арқылы іске асырылды.

Осы түрлердің референтті штамдарының 16S rRNA генінің нуклеотидтік реттіліктерімен филогенетикалық ағаштарды тұрғызу жүргізілді (<http://www.bacterio.net>).


### 2.3.9 Қоңыр көмірлерді биосолюбилиздеу әдістері

#### 2.3.9.1 Биосолюбилиздеуді зерттеудің агар – диффузды әдісі

Бактериялық изолятты газон алу үшін 37°C-та 48 сағат бойы қоректік агары бар табақшаларда дақылдайды. Содан кейін қоңыр көмірдің (диаметрі шамамен 3 мм) стерилді түйіршіктерін бактериялық газонға орналастырып, инкубацияны 7 күн бойы жалғастырады. Биосолюбилизация көмір үлгісінің солюбилизациясын көрсететін қоңыр жиектердің пайда болуымен бақыланды.

#### 2.3.9.2 Қоңыр көмірлердің биосолюбилизациясын зерттеудің сұйық ортада жүргізу әдісі

Қоңыр көмірлердің биосолюбилизациясын бактериялардың сұйық дақылын қолдана отырып аэробты жағдайда жүргізеді. Белсенді штамды OD<sub>600</sub> 0,1 жетпегенше LB (200 мл) ортасына қосып, ары қарай 30°C 24 сағат бойы роторлы шайқағышта дақылдайды. Содан соң, стерилденген көмір ұнтағын 5% (w/v) қосып, 14 күн бойы инкубациялайды. Биосолюбилизация кезінде үлгілерді әрбір екінші күні асептикалық жағдайда жинап, 11 200 rpm 15 минут бойы центрифугалап, мембранды фильтрлерден (пора өлшемі 0,24 мкм) фильтрлейді. Қоңыр көмірлердің ерігіштігін бағалау үшін фильтраттың 450 нм сіңірілуін UV-2600 (Shimadzu, Жапония) спектрометрінде өлшейді. Қалған қоңыр көмірлерді (қалдық) сумен үш рет шайып, 100°C кептіріліп және биотрансформацияланған қоңыр көмірлердің пайыздық құрамын есептеу үшін өлшейді. Қоңыр көмірлер қосылған инокулятсыз LB ортасы бақылау ретінде алынды. Тәжірибелер үш ретті қайталамалармен жасалынды және алынған ақпараттар үшін орташа мәндері, стандартты ауытқылар анықталынды (5 сурет).



Сурет 5 – Бактерия штамдарының эмульгирлеуші (а) және солюбилиздеу (ә) белсенділіктерін анықтау тәжірибесінің сызбанұсқасы

### **2.3.9.3 Көмірсутекті қосылыстардың эмульгациялаушы белсенділігін анықтау әдісі**

Эмульгирлеуші белсенділікті бағалау үшін клеткаларды 15 минут бойы 1372 грм-пен центрифугалау арқылы дақылдық ортадан бөліп алынды. Эмульсияны алу үшін ары қарай супернатантты пробиркада көмірсутекті субстратпен 3:2 қатынаста араластырып, шейкерде 112 грм-та 20 минут бойы қарқынды араластырылды. Одан кейін, сынауықтарды вертикаль күйде бөлме температурасында 24 сағатқа қалдырып, кейін эмульгирлеу белсенділігі өлшенді. Эмульгирлеуші белсенділікті эмульсиялық қабат көлемінің пробиркадағы сұйықтықтың жалпы көлеміне қатынасы ретінде есептеп, %-бен көрсетеді. Есептеу формула (11) бойынша жүргізілді:

$$E_{24}(\%) = \frac{V_e}{V_n} \times 100 \quad (11)$$

мұндағы,  $V_e$  – эмульсия көлемі,  $V_n$  – өзіне супернатант көлем фазасы + көмірсулық фаза көлемі + қалыптасқан эмульсия көлемді қосатын сұйықтықтың жалпы көлемі.

### **2.3.10 Қоңыр көмірлерден солюбилизденген өнімдерді бөліп алу әдісі**

Ауада кептірілген 2 г қоңыр көмірді 0,1 М NaOH 100 мл суспензиялайды және 20°C ортасында 3 грм-да 24 сағат бойы араластырып, ары қарай 11 200 грм-та 15 минут бойы центрифугалайды. Супернатантты Whatman №1 қағазымен сүзіп, содан кейін 6,0 М HCl көмегімен тұндырды да рН 2 дейін жеткізіп, 12 сағатқа қойып қояды. Тұнбаны 11 200 грм-та 15 минут бойы центрифугалап, 3 рет дистилденген сумен шайып, 60°C кептіреді. Алынған өнім химиялық гуминді заттар (ХГЗ) ретінде анықталады. Биосолюбилизациядан кейін өңделген қоңыр көмірді Whatman №1 қағазымен сүзіп, 11,6 М HCl көмегімен рН 2,0 дейін жеткізеді. Бактериялық-трансформацияланған гуминді заттарды (БГЗ) экстракциялау үшін жоғарыда ХГЗ алу мақсатында қолданылған әдіс пайдаланылды.

### **2.3.11 Қоңыр көмірлерден солюбилизденген өнімдердің қасиеттерін зерттеу әдісі**

Бөлініп алынған гуминді заттарды (ХГЗ және БГЗ) келесі сараптамаларға беріледі: FTIR Nicolet 6700 (Thermo Scientific, АҚШ) FTIR-спектрометрін қолдану арқылы 4000-нан 400 см<sup>-1</sup> дейінгі өткізгіш диапазонында жүзеге асырылды. Ақпаратты жинақтаудың келесі параметрлері қолданылады: таңдамалы скандардың саны – 32, ажыратымдығы – 4.000, нөлдік толтыру – 2, He-Ne – лазерінің жиілігі: 15 798,0 см<sup>-1</sup>, кедергілердің жоғарғы пигі – 8 192, аподизация қызметі – N-B күшті, фондық скан – 32, фонды күшейту – 1,0, оптикалық талшық – 100,00, сұрыптау өсімі – 1,0, жоғары өту сүзгісі – 200,0000, төмен өту сүзгісі – 20000,0000, ақпарат жинау әдісі - GC/IR, соңғы формат – % беру.

Гуминдік заттардың сұйықтықты хроматограммасын QqQ LC/MS (Agilent, АҚШ) жүйесін қолдану арқылы өлшейді. Хроматографиялық сараптамаларды ацетонитрилде (элюент А) және суда (элюент В) жылжымалы фазада жүргізді. Ағын жылдамдығы 0,25 мл/мин<sup>-1</sup>-ді құрайды. Бүкіл процесс бойы бағана температурасын 40°C деңгейінде ұстап тұрады. Бүрку көлемі 5 мкл-ді. Масс-спектрометриялық сараптамаға теріс режимдегі электросепкіш ионизация қолданылуымен (ESI) қол жеткізілді. Сканирлеу мониторингі 100-2000 m/z-де қолданылады. Масс-спектрометр құрғатқыш газ, газ қабаты және соқтығысу энергиясы (CE), ретіндегі азоты бар ESI интерфейсі арқылы UHPLC жүйесіне қосылады. Параметрлері: газ температурасы 350°C, газ шығыны 8 л/мин, небулайзер 45 psi, газ қабатының температурасы 350°C, газ қабаты 12 л/мин, капиллярлы кернеуі 4000 В (теріс), шүмек кернеуі 1500 В (теріс). Құралды басқару және ақпаратты жинақтау MassHunter Workstation (В.08 нұсқасы) бағдарламалық жасақтамасының көмегімен жүзеге асырылды.

Гуминді заттардың оптикалық спектроскопиясы (UV-Vis) 1 см кварцты кюветтің және фосфатты буфер бланктің қолданылуымен V-550 (Jasco, Japan) спектрофотометрінде жүргізіледі. Жұтылу спектрін 1 сағаттық үлгі дайындалудан кейін 200-ден 900-ге дейінгі диапозонда тіркейді. Олардың спектрлерінің зерттелуі негізінде E<sub>E1/Bz</sub>, E<sub>2/3</sub>, E<sub>4/6</sub>, E<sub>254/410</sub>, E<sub>265/465</sub> және ΔlogK сияқты стандартты спектроскопиялық көрсеткіштер алынды.

Биоөңделген көмірдің өнімдерінің элементтік құрамы (С және Н) Vario EL (Elementar, Германия) кубтық элементтердің талдағышы көмегімен анықталды.

Рентгенография ақпараттарының жинақталуы Bruker AXS D8 Advance X-ray Powder Diffractometer (Германия) көмегімен жүргізілді. Рентген сәулелері ақпараттарының дифракциясы бастапқы бұрышы 5,00, соңғы бұрышы 80,00 және жылдамдығы 3°/мин болатын 0,02° қадам бұрышын жинайды. Рентгендік трубканың 40 kV кернеуі мен 30 mA тогы бар. Құрылғыларды сынау шарттары: Cu target, иірілген графиті бар монокроматор, Kα сәулелендіруі. Саңылаулық жүйе: DS (эмиссионды саңылау) – 0,6 мм, SS (антиыдырату саңылауы) – 8 мм.

Электронды микроскоп (FE-SEM, Hitachi S-4800) қоңыр көмір адгезиясының морфологиялық өзгерістерін және оның беткейіндегі микроорганизмдерді бақылау үшін қолданылады. Ортасы жоқ үлгі кремний тілігінде бөлшектеліп, ауада кептіріліп, үлгі сатысына орналастырылады. SEM шарттары: кернеуі 10-30 kV, жұмысшы арақашықтығы 8-12 мм болды. Үлгілерді 1 қадам мөлшерінде (2 сағ.) 20-дан 80-ге дейін (2 сағ.) және 1 мин уақыт есебімен сканирленеді. Нәтижелер JADE 6.5 бағдарламасының қолдауымен жинақталды.

### **2.3.12 Қоңыр көмір негізінде биобайланыстырушы агенттерді алудың әдісі**

Леңгір мен Ой-қарағай қоңыр көмірлерінің биоөзгерісін байланыстыруды 30°C температурадағы аэрациясымен механикалық араластырғышы бар биореакторда жүзеге асырады.

Биореакторға бір реттік жүктемені: субстрат – 30% (қоңыр көмір - 70%, көктерек жоңқасы – 30%), инокулят – 20%; жасанды орта – 50% бойынша

есептейді. Бір реттік жүктеменің жалпы көлемі 2 л құрайды. Ферментация алды кезеңі келесідей сатылардан тұрады: субстрат дайындалды (ірілігі <3 мм, ылғалдығы – 32%); белсенді штамдардың бастапқы инокулятын күшейту; биореакторды жұмысқа дайындап – дезинфекциялайды. Ферментацияны келесідей ретпен жүргізеді: инокулят штамының өсуі биореакторда көміртекті органикалық ортада 60 сағат бойы оттегі жағдайында 30°C температурада жүргізілді.

### **2.3.13 Қоңыр көмір негізінде биоотын алу әдісі**

Брикеттеу бойынша эксперименттер келесі кезеңдер бойынша жүргізілді: биосуспензияны кептіру камерасына орналастыру, кептірілген ылғалдылықты мерзімді бақылау өнімі, биоөнімді түсіру және ұнтақтау, гидравликалық преста кұрғақ брикеттеу, брикеттерді сынау және физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау.

Брикеттеудің технологиялық параметрлерін анықтау әдісі. Алғашқы көмірді дайындау кезінде көмірдің өлшемі 10 мм ұсақтау, 1 мм дейін ұнтақтау (зертханалық диірмен) және 90°C температурада бастапқы ылғалдылығы 16,5% дейін пеште кептіру. Кептіру кезінде көмірдің ылғалдылығын бақылау мерзімді сынама алу арқылы жүргізілді.

Брикеттеу тәжірибелерінде қолданылатын биобайланыс агенттері көмірдің биомодификациясы кезінде алынған биокөмір суспензияларын (ылғалдылықтың бастапқы мөлшері 70% дейін) кептіру арқылы алынды. Материалдар гидравликалық преста (ПО-500М, Антек, Ресей) басылады, мұндағы меншікті қысым 120 МПа құрайды. Брикеттеу үшін диаметрі 50 мм цилиндрлік қалыптар қолданылады: сынаманың салмағы 50 г, биіктігі 20 мм. Алынған өнімдер МЕМСТ 21189-21191-75 сәйкес сығылу беріктігі мен қажалуға беріктігін анықтау үшін сыналады.

Маркалы преста брикеттерді алу әдісі. Қыздырылған көмір қоспасын престау Қытайда шығарылған GCZ26 жартылай өнеркәсіптік пресс жүргізіледі: 1. максималды меншікті қысу қысымы -150 МПа; 2. пресс өнімділігі (дана/сағат) - 5 000; 3. Брикеттің мөлшері (ені×ұзындығы×биіктігі): 22 мм. Маркалы престегі брикеттеу режимдері өнеркәсіптік аналогтарға толық ұқсас болады.

Алынған өнімдердің жану жылуы ST SEV 1463-78 сәйкес; МЕМСТ 6382-80 сәйкес ұшпа өнімдердің шығымы; ST SEV 751-77 бойынша ылғалдылық; күлдің мөлшері МЕМСТ 11022-75 бойынша анықталады.

### **2.3.14 Алынған нәтижелерді статистикалық талдау әдісі**

Деректер орташа арифметикалық ± стандартты ауытқу түрінде беріледі. Барлық зерттеу жұмыстары 3-5 рет қайталаумен жүргізілді. Суреттерде зерттеу жұмыстарының арифметикалық нәтижелері мен олардың стандарт ауытқулары көрсетілді. Әр үлгіге байланысты микробтар қауымдастығының статистикалық маңызды айырмашылығы Фишердің нақты сынағының көмегімен анықталды (n = 15).

### 3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

#### 3.1 Қоңыр көмірлердің техникалық, физика-механикалық және химиялық қасиеттері

Қоңыр көмірлерді қолдану саласына қарай олардың бастапқы және өңделген сынамасының техникалық, физика-механикалық және химиялық қасиеттерін зерттеудің маңыздылығы өте жоғары.

Леңгір (ЛҚК) және Ой-қарағай (ОҚК) кен орнындағы қоңыр көмірлерінің элементтік талдау, техникалық [278] сипаттамаларын зерттеу нәтижелері 2, 3 және 4 кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмірлердің механикалық сипаттамасы

	Сынама	ЛҚК	ОҚК
1	Сипаттама		
2	Түсі	Қара-қоңыр	Қара-қоңыр
3	Омырылу	Біріккен	Талшықты
4	Жарқырауы	Шынылы	Майлы
5	Текстурасы	Біркелкі емес, жолақты	Біркелкі емес, жолақты
6	Бөлектік	Эндогенді	Экзогенді

Кесте 3 - Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмірлердің техникалық сипаттамалары

Көрсеткіштер	Талдау нәтижелері	
	ЛҚК	ОҚК
Көмірдің аналитикалық үлгісіндегі ылғалдың массалық үлесі, W, %	10±0,3	7,81±0,9
Көмір сынамасының күлділігі, A, %	21,2±0,1	11,2±1,1
Көмірдегі ұшпа заттардың шығымы, V, %	43±0,2	36,7±0,8
Көмір сынамасының меншікті жану жылуы, Q, кДж/кг	7 300	15 700


Кесте 4 - Күлсіз, сусыз массаға есептелген қоңыр көмірлердің элементтік талдауы, %

Үлгілер	C	H	N	S	O	Элементтер
ЛҚК	61,3 ± 0,7	3,52 ± 0,1	0,85 ± 0,1	1,61 ± 0,3	32,72 ± 0,6	%
ОҚК	74,2 ± 0,1	4,75 ± 0,2	1,57 ± 0,09	0,13 ± 0,2	19,43 ± 0,7	



Зерттелетін көмір мен бұрын жүргізілген Леңгір кен орнындағы зерттеу нәтижелерімен салыстыру [279] бірқатар көрсеткіштер бойынша олардың сәйкестігі анықталды. Зерттеген аналитикалық үлгілердегі күлдің үлесі төмен, ал күкірт көрсеткіші айтарлықтай жоғары болды. Леңгір кен орнының негізгі қабатынан алынған қоңыр көмірдің зерттеу нәтижесі аналитикалық үлгісі орташа калориялы, орташа күкіртті отынға жатады және оның құрамындағы күл мөлшері мен орташа ылғалдылығы оның В3 класына жататынын көрсетеді. Ал, Ой-қарағай кен орнының көмірін салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, көмірдің күлділігі екі есе аз, ал меншікті жану жылуы екі есе жоғары екені анықталды.

EDX GENESIS 2000 детекторымен жабдықталған сканерлейтін электронды микроскоп арқылы қоңыр көмірлердің элементтік құрамына талдау жүргізілді. Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмірлерінің элементтік құрамының көрсеткіштері 6-суретте келтірілген [289].



Сурет 6 – Қоңыр көмірлердің шаққандағы элементтік талдау, %


6-суретте көрсетілгендей, зерттелген қоңыр көмірлердің құрамында ауыр металдар табылмаған. Құрамында S, Na, N, Mn, Fe және кварцтің болуы бұл элементтерді қоректік компонент ретінде қолданатын микроорганизмдердің өсуіне және көбеюіне мүмкіндік береді.

Қоңыр көмірлердің тығыздығы (қоңыр көмір көлемінің бірлік массасы), тесіктер мен жарықты қоспағанда, ЛҚК -  $1,45 \pm 0,3$  г/см<sup>3</sup>, ОҚК -  $1,57 \pm 0,2$  г/см<sup>3</sup> құрады.


Көмірдің бастапқы және жеке компоненттерінің молекулалық құрылымы спектрлік анализ, УК, Раман спектроскопия арқылы зерттелінді. Рентгенқұрылымдық талдау нәтижесі көрсеткендей көмірдің органикалық массасындағы молекула аралық байланыстардың маңызды көрсеткіштерінің бірі – құрылымдық фрагменттерін анықтауға болады. Көмірлердің химиялық құрамының әртүрлілігі, сонымен қатар оның метаморфизмінің үнемі өзгеруі

ауаның әсерінен көмір құрамбөліктерінің тотыға түрленуінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Тотығу салдары көмірдің молекулалық құрылымының өзгеруіне алып келеді. Рентгенқұрылымдық талдау көмірдің метаморфизм процесінде, әртүрлі химиялық және физикалық факторлардың әсер ету нәтижесінде көмірлердің макроқұрылымының өзгеруін көрсету үшін кеңінен қолданылады.

ОҚК қоңыр көмірлерінің химиялық құрамының қалыптасуының бастапқыда жоғарылауымен реттелген шеткі бөліктің ( $\gamma$ -диапазоны) интенсивтілігінің айтарлықтай төмендеуі және көмірдің күрделі ароматты қосылыстар бөлігінің біртіндеп жоғарылауы байқалады (сурет 7).



Сурет 7 - Қоңыр көмір үлгілерін рентгенқұрылымдық талдау: ЛҚК (а), ОҚК (b)



Сурет 8 – Қоңыр көмір үлгілерінің Раман-спекторы: ЛҚК (а), ОҚК (b)

ЛҚК қоңыр көмірінің кристалды фазаның фракциясы ОҚК-ге қарағанда күрделірек болатындығы анықталды. Бұл жүйелік сәйкестіктің себебі дифракциялық шырдарды ыдыратуда қолданылатын әдістердің айырмашылығында ғана емес, керісінше, зерттелетін үлгілердегі инертті емес компоненттердің төмен болуымен байланысты (витринит индексі 0,8-0,99%) және кристалды фазаның пайда болуына қосқан үлесі маңызды. Рентгендік дифрактограмма жоғары фондық қарқындылыққа ие, бұл аморфты көміртегі түрінде ретсіз материалдардың бар екендігін көрсетті. Атап айтқанда, үлгілердің дифрактограммасы  $10^\circ < 2\theta$  бағытында экстенсивті болып шықты. ЛҚК қоңыр көмірді зерттеу нәтижесіне алынған кең пиктер  $2\theta = 12,2^\circ$  (каолинит),  $20,8^\circ$  (кварц),  $23,2^\circ$  (кальцит),  $24,9^\circ$  (каолинит) және  $26,7^\circ$  (кварц) кезінде байқалды, бұл кристалды көміртекті (графиттекес) құрылымдардың бар екендігін білдіреді.

ОҚК қоңыр көмірінің рентгендік дифракциялық талдау  $\gamma$ -жолақтардың төмендейтінін және рентгендік дифракция үлгілеріндегі (002) жолақтарының интенсивтілігінің жоғарылайтынын анықтады. Бұл осы қоңыр көмірінің


органикалық заттары құрылымы бойынша аморфты полимерлерге жақын деген болжамға негіз болады.

Раманов спектрлері толқын ұзындығы 473 нм өлшенді. Негізінен барлық спектрлер аморфты көміртекке тән екі пикпен ұсынылған (сурет 8). Бұл пиктер D (diamond) және G (graphite) белдеулерге қатысты.


Раманов спектрлері кеңірек ( $3500\text{ см}^{-1}$ ) диапазонда жазылған. D-және G диапазондары деп аталатындар спектрде  $1000\text{-нан } 2000\text{ см}^{-1}$  аралығында жазылады;  $2700\text{-ден } 3200\text{ см}^{-1}$ -ге дейін C-H байланыстарына тән кең жолақтар; ал  $3500\text{-ден } 4000\text{ см}^{-1}$ -ге дейін диффузиялық сигнал, оның қарқындылығы ұшқыштар эмиссиясының ұлғаюымен артады. 8 - суретте көрсетілгендей, қоңыр көмірдің әр түрлі маркаларындағы G-шыңының жиілік позициясы іс жүзінде өзгермейді ( $\sim 1592\text{ см}^{-1}$ ), D-шыңынан айырмашылығы, ЛҚК көмірінде жиілігі  $1360\text{ см}^{-1}$ , ал ОЛК көмірінде  $1390\text{ см}^{-1}$  дейін жоғарылайды. D шыңының жоғары қарқындылығы LLK көмірінің үлгісінде көрсетілген көміртегі құрылымындағы өзгерістің жоғарылауын көрсетеді.  $2500\text{-}4000\text{ см}^{-1}$  аймағында диффузиялық жолақтың пайда болуының себебі тотыққан көміртегі құрамында H, O, S және N атомдары түзетін химиялық байланыстардың және ылғалдың болуымен байланысты.

Люминесценция жолақтарының аясында  $\sim 1370\text{ см}^{-1}$  кезінде (аморфты карбон және метил топтардың ыдырауы) және  $\sim 1600\text{ см}^{-1}$  кезінде (ароматты қосылыстардың сақиналары және олармен жанасқан дикарбонат қышқылдардағы C=O-байланыстарда ыдырау, сонымен қатар алкен C=C) максимумдарында қарқынды Раманов сызықтары байқалады. Көрсетілген үлгілер әрбір жеке бөлшекте облысқа қарай біртекті емес құрылымға ие.

Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмір микроқұрылымын алғаш зерттеу мақсатында Leica DM 6000M оптикалық микроскопы қолданылды. Фотосуреттерде қоңыр көмірдің қабатты архитектурасын көруге болады (сурет 9). Қоңыр көмір үлгісі құрылымының салыстырмалы түрде тегіс беткейінің суреті алынды, беті кеуектермен біркелкі жабылмаған, сонымен қатар көмірдің құрылымының реттелген бір бағытты.




ЛҚК




ОҚК

Сурет 9 – Қоңыр көмірлердің кеуекті құрылымы

Қоңыр көмір үлгілерінің беттік құрылымын толық талдау үшін сканерлеуші электронды микроскопия әдісі қолданылды. Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмір үлгілерінің микросуреттері 10-шы суретте көрсетілген. Сканерлеуші электронды микроскопия әдісі арқылы қоңыр көмірді талдау әртүрлі беттік құрылымдарды көрсетеді. Көмірлердің құрылымы жоғары тығыздықпен сипатталады, көмірдің жарықтармен бөлінген гетерогенді бөліктері болады. Көмір құрылымының күрделілігі оның гетерогенділігімен байланысты, себебі құрамында органикалық және минералды компоненттер болады. Көмірдің органикалық бөлігі конденсацияланған алифатты және ароматты құрылымдардың болуымен сипатталады, олардың әрқайсысы айқын кристалды түзілімдер құрайды.



ЛҚК



ОҚК

Сурет 10 – Қоңыр көмірлердің беткейінің сканерлеуші электронды микроскопия әдісі арқылы алынған суреттері

Материалдың беті жергілікті изометриялық формалардың жинақталуымен, әрі, гетерогенді құрылымымен сипатталады, бұл құрамда кварц пен пирит сияқты екінші реттік минералдардың бар екендігін көрсетеді. Бетінде сонымен қатар мөлшері 0,1-2 мкм болатын глобулярлы микроқұрылымдар да бар.

ЛҚК көмірлердің құрылымы, әдетте, гетерогенді; кейбір жерлерде түйінаралық жарықтар байқалады, сонымен қатар изометриялық пішіндердің жергілікті жинақталуы байқалады, беті борпылдақ. ОҚК үлгісінің беті біртекті, бөлшектердің пішіні мен өлшемі тұрақты, ал үстіңгі қабатының құрылымы кеңінен дамыған, бұл әдетте кварцтың болуын көрсетеді.

Ой-қарағай кен орнының көмірлері негізінен органикалық заттардан және минералды қоспалардан тұрады. Көмірдің органикалық заттарын құрайтын негізгі элементтер С, Н, О, N және органикалық S болып табылады. Сонымен қатар олардың құрамында кейбір металдардың химиялық қосылыстары – Ca, Fe, Mg, Mn кездеседі. Ой-қарағай қоңыр көмірінің сапасы Леңгір қоңыр көміріне қарағанда жоғары, оның органикалық заттардың қатысымсыз брикет жасауға

болатындығын көрсетеді. Алынған нәтижелер ЛҚК қоңыр көмірінен биобрикет жасау үшін көмірдің сапасын арттыруды талап ететіндігін айқындайды.

Қоңыр көмірдің техникалық, химиялық құрамы мен физика-химиялық құрылымына жүргізілген анализдер нәтижесінде бұл шикізатты (ЛҚК) биоконверсия жүргізуге жарамдылығы анықталды. Сонымен қатар, Ой-қарағай қоңыр көмірінің физика-химиялық қасиеттерін зерттеудің нәтижесінде олардың қоңыр және қара шірік көмірлерге жататыны белгілі болды.

Қатты отынды пайдалану тәсілін таңдауда көмір сапасының ең маңызды көрсеткіші болып табылатын жалпы күкірттің құрамы ( $S_{total}$ ) ескеріледі. Әдетте, бұл көмір сапасының ең маңызды көрсеткіші болып табылады. Күкірттің формалары ( $S_S$ ,  $S_O$ ,  $S_P$ ) сапасыз отынға толық сипаттама беру қажет болғанда ғана анықталады. Жоғарыда сипатталған элементтік талдау С, Н, О, N және органикалық күкіртпен бірге анықтауды қарастырады. Көмірдегі S құрамы олардың технологиялық көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін болғандықтан, күкірттің әртүрлі түрлерін анықтау бойынша талдау жүргізілді (кесте 5). Қатты отынында жалпы күкіртті металдардың сульфидтері мен бисульфидтеріне кіретін сульфидті ( $S_S$ ) және пиритті ( $S_P$ ) көмірдің органикалық массасының құрамына кіретін органикалық күкіртті ( $S_O$ ), металдар сульфаттары түрінде болатын сульфатты ( $S_S$ ) және отында бос күйде кездесетін элементті күкірт ( $S_E$ ) қосындысы қарастырылды. Көмірдің техникалық табиғатын сипаттайтын көрсеткіштердің бірі – жалпы күкірт ( $S_{total}$ , %) – талданатын сынамаға қатысты шартты түрде элементтік күкіртке ( $S_E$ ) есептелген барлық қосылыстардағы осы элементтің жалпы құрамын көрсетеді.

Кесте 5 – Леңгір мен Ой-қарағай қоңыр көмірлеріндегі әр түрлі күкірт түрлерінің мөлшері

Күкірт түрлері	Құрамы, %	
	ЛҚК	ОҚК
Жалпы күкірт – $S_{total}$	$3,14 \pm 0,02$	$1,71 \pm 0,03$
Сульфатты күкірт – $S_S$	$<0,01$	$<0,01$
Пиритті күкірт – $S_P$	$1,61 \pm 0,01$	$1,18 \pm 0,01$
Органикалық күкірт – $S_O$	$1,53 \pm 0,01$	$0,54 \pm 0,02$

ISO 334-74 сәйкес Mg және Na күкірт қышқылды тұздарының түзілуімен Эшка қоспасымен көмір отынын жағу кезінде пайда болатын күкірт оксидтерін сіңіруге негізделген гравиметриялық әдіс қолданылады. Түзілген тұздар ыстық суда ерітіліп,  $BaCl_2$  тұз қышқылымен қышқылдандырылған ерітіндіге тұндырылады.  $BaSO_4$  мөлшері бойынша күкірттің массалық үлесін есептейді. ISO 157-75 халықаралық стандартына сәйкес, сульфатты күкірт ( $S_S$ ) салмақтық әдіспен анықталады. Бұл әдіс қатты отын сульфаттарының HCl-да еруіне және  $BaCl_2$  сульфат иондарын тұндыруды білдіреді.

ISO 157-75 халықаралық стандартында  $HNO_3$  пиритті тотықтандыру кезінде саны бойынша пирит күкірттің ( $S_P$ ) құрамы анықталатын еритін сульфаттардың


түзілуіне негізделі отырып,  $\text{FeS}_2$  түрінде күкіртпен байланысты темір құрамын анықтауға негізделген тотықтандыру әдісі келтірілген. Органикалық күкірттің ( $S_o$ ) массалық үлесін айырмашылық бойынша массалық үлестен  $S_s$ ,  $S_p$  және  $S_{total}$  шегеру жолымен анықтайды.

Алынған нәтижелер бойынша, Леңгір көмірі үлгісінде жалпы күкірт 3,14%, Ой-қарағай көмір үлгісінде күкірт 1,71% құрайды, яғни олар орташа күкіртті көмірлерге жататынын көрсетеді. Негізінен, күкіртті әр түрлі табиғатты қатты отын бойынша және жетілу дәрежесі бойынша бөлуде ешқандай заңдылық жоқ. Жалпы күкірт 100% ретінде қабылданатын  $S_{total}$  құрамындағы S жеке түрлері көмірде жиі  $S_p$  және  $S_o$  арасында бірдей бөлінеді, себебі  $S_s$  мөлшері барлық күкірттің 15% аспайды [280]. Зерттеуге алынған Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмірлеріндегі күкірттің мөлшері төмен екенін көрсетті.


### **3.2 Қоңыр көмірлердің микробтық қауымдастықтарын анықтау үшін метагеномды талдау және бактериялардың жалпы санын анықтау, таза дақылдарын бөліп алу**

Көмір түзуде микроорганизмдердің маңызды рөліне қарамастан, қоңыр көмір микробиомы толық зерттелмеген. Көптеген әдебиеттерде қоңыр көмірде тіршілік ететін бактериялар мен саңырауқұлақтардың әртүрлі қасиеттері туралы айтылады [277, 293].

Осы жұмыстың аясында көмір қабаттарының микробиологиялық мониторингі бойынша зерттеулерде ұтымды пайдалану үшін 16S rDNA генінің таксономиялық әртүрлілігін зерттеу бойынша деректер өңделді. Жұмыста метагеномды технологияларды қолдану арқылы қоңыр көмірлерінің (ЛҚК, ОҚК) микробтық қауымдастығының таксономиялық әртүрлілігі зерттелінді. Қоңыр көмір үлгілеріндегі тізбектердің саны кең диапазонда өзгергендіктен, сондай-ақ микробты алуантүрліктің белгіленген индекстерін есептеу үшін (кесте 6) әрбір үлгінің реттілігінің кездейсоқ үлгілері үшін есептелген көрсеткіштердің орташа мәндері қолданылды (Rarefaction талдау). Осы үлгілер үшін жүргізілген реттілікті талдау нәтижелері сиквенирленген реттіліктің көлемі ұлғаюымен ОТБ (операциялық таксономиялық бірлік) жинақталуының әр түрлі бағытты динамикасын көрсетті (сурет 11, а). Графиктегі қисық сызықтардың көлбеулік бұрышы микробты алуантүрліктің қосымша индикаторы болып табылады – көлбеулік бұрышы неғұрлым үлкен болса, микробиом соғұрлым алуан түрлі болады. Ал сан қисығы (сурет 11, ә) микробтық қауымдастықтың түрлік құрамының динамикасындағы салыстырмалы қарқындылықты көрсетеді.



а. Өсу қисығы



ә. Сан қисығы


Сурет 11 - «Rarefaction» тесті

Түр дәрежесіндегі деректер (анықталған ОТБ саны) және ЛҚК мен ОҚК үлгілері үшін биоалуантүрлілік индекстері 6-шы кестеде келтірілген.


Кесте 6 – Қоңыр көмір үлгілеріндегі микробты алуантүрліктің негізгі көрсеткіштері

Үлгілер	Сиквенс саны	ОТБ саны	Shannon индексі	Chao1 индексі	ACE индексі
ЛҚК	541	628	1.800	593.161	611.707
ОҚК	572	2.637	0.619	633.008	658.940

Микроорганизмдер қауымдастығында анықталған биоалуантүрлік деңгейі, жалпы алғанда, жоғары мәндерге жетті, яғни олардың мыңға жуық түрден тұратыны анықталды. Алуантүрлілік индексіне арналған тест мәліметтері көрсеткендей, ЛҚК мен ОҚК көмірлеріндегі микробты алуантүрліктің аз болуы үлгілерді жерасты қойнауынан алынуына байланысты. Егер тотыққан көмірді қолданатын болсақ, микробты алуантүрліктің сандық мәні жоғары болатынын көруге болар еді, себебі әр түрлі микроорганизмдер үшін энергия көзі бола алатын көмірдің жоғары тотығу (ауалық) күйімен байланысты. Нәтижеде микробтық сандық мәнің жоғары екендігі көрсетілді, бұл көмір үлгілерінің микробиомға бай екенін көрсетеді.



Сурет 12 – OUT бойынша кластерлеу және аннотациялау статистикасы



Сурет 13 – Жіктеудің әр түрлі деңгейлерінде көмір үлгілерінің реттілік статистикасы


ЛҚК-дің ОҚК-мен салыстырылатын жоғары Shannon индексімен көрінді, бұл сонымен бірге осы объектіде климакс типті микроқоғамдастықтың бар екендігін көрсетеді (сурет 12, 13) [290].

Микробтық қауымдастықтың таксономиялық құрылымын домен деңгейінде талдағанда, микробиомның барлығы толығымен бактериялар екендігі анықталды, яғни, ЛҚК мен ОҚК үлгісінде бактериялардың үлесі 100,0% құрады (сурет 14, 15).


Тип (phylum) деңгейіндегі нуклеотидтер тізбегін таксономиялық талдау кезінде көмір үлгілерінде 10 бактериялық топтың өкілдері *Proteobacteria*, *Tenericutes*, *Actinobacteria*, *Firmicutes*, *Bacteroidetes*, *Nitrospirae*, *Chloroflexi*, *Gemmatimonadetes*, *Acidobacteria* және *Fusobacteria* анықталды (сурет 16). Белгіленген бактериялардан басқа, бұл сынамаларда тип деңгейінде сәйкеспейтін әр түрлі тізбектер болды, олардың үлесі ЛҚК мен ОҚК үшін де 6% құрады. Екі сынамада да 4/3 бөлігінен көбін *Proteobacteria* туысының бактериялық өкілдері құрады [291]. Зерттелген қоңыр көмір үлгілері тек тип деңгейінде ғана емес, сонымен қатар класс, қатар, тұқымдас деңгейінде де анықталды. Алынған нәтижеге сай 17-ші суреттен көрініп тұрғандай, класс деңгейінде бұл реттіліктердің максималды үлесі екі үлгіде де *Alphaproteobacteria* туысының өкілі басым болып тұр [63], сонымен қатар, *Mollicutes*, *Clostridia*, *Gammaaproteobacteria*, *Actinobacteria*, *Acidimicrobiia*, *Bacteroidia*, *Nitrospira*,



*Betaproteobacteria*, *Thermoleophilia* өкілдері кездеседі. Анықталмаған түрлер ЛҚК сынамасында 1,5% құраса, ОҚК сынамасында 0,06% құрады.




Сурет 14 - Krona бағдарламалық жасақтамасының көмегімен визуализацияланған ОҚК сынамасының бактериялық қауымдастығының таксономиялық жіктелуі




Сурет 15 – Krona бағдарламалық жасақтамасының көмегімен визуализацияланған ЛҚК сынамасының бактериялық қауымдастығының таксономиялық жіктелуі

Қоңыр көмір үлгілерінің қатар деңгейінде қауымдастықтың таксономиялық құрылымы 18-ші суретте көрсетілгендей *Rhizobiales*, *Mycoplasmatales*, *Clostridiales*, *Pseudomonadales*, *Micrococcales*, *Acidimicrobiales*, *Bacteroidales*, *Nitrospirales*, *Alteromonadales*, *Solirubrobacterales* өкілдері құрайды. Солардың ішінде *Rhizobiales* ЛҚК 83% және ОҚК үшін 95% құрады, анықталмаған өкілдері ЛҚК сынамасында 0,03% құраса, ОҚК сынамасында 0,01% құрады.



Сурет 16 – Тип деңгейінде қауымдастықтың таксономиялық құрамы




Сурет 17 – Класс деңгейінде қауымдастықтың таксономиялық құрамы

Тұқымдас деңгейінде қауымдастықтың таксономиялық құрамында *Phyllobacteriaceae* тұқымдасы ЛҚК үшін 83% және ОҚК үшін 95% анықталды, сонымен қатар *Mycoplasmataceae*, *Micrococcaceae*, *Nitrospiraceae*, *Pseudomonadaceae*, *Lachnospiraceae*, *Ruminococcaceae*, *Bacteroidaceae*, *Shewanellaceae*, *Moraxellaceae* тұқымдас өкілдері де бар. Анықталмаған өкілдері ЛҚК сынамасында 0,06%, ОҚК сынамасында 0,02% болды (сурет 19).


Сонымен, алғаш рет жоғары өткізу қабілеттілігінің секвенирлеу деректерін талдау негізінде қоңыр көмір қабатындағы микробтар қауымдастығы метагеномының таксономиялық құрылымы сипатталды. Алғаш рет *16S rDNA* генінің таксономиялық кеңістігінде Леңгір және Ой-қарағай көмір кен орындарының қоңыр көмір қауымдастығының динамикасын математикалық модельдеу әдістері олардың құрылымы мен динамикасын сипаттайтын интегралды параметрлерді есептей отырып жүргізілді.

Жұмыстың келесі сатысында ЛҚК және ОҚК қоңыр көмірлерінен бактериялардың аэробты дақылдары бөлініп алынды. Дақылдарды байыту әдісі қолданылды, ал бактериялық изоляттарды іріктеу дақылдық-морфологиялық белгілердің ерекшеліктеріне байланысты жүргізілді. ЕПА қоректік ортасында

күңгірт, ақ-сұр түсті, пішіні бұрыс, беті қыртысталған, жиегі әркелкі, мөлшері <5 мм кіші колониялар түзіп өсті.



Сурет 18 – Қатар деңгейінде қауымдастықтың таксономиялық құрылымы



Сурет 19 – Тұқымдас деңгейінде қауымдастықтың таксономиялық әртүрлілігі

Спора түзетін және спора түзбейтін бактериялық клеткалардың морфологиясын зерттеуде Грам мен Ожешко әдістері бойынша дайындалған препараттар қолданылды. Биологиялық материалдарды микроскопиялық зерттеу кезінде оқшауланған клеткалардың мөлшері 2,0-5,0 мкм таяқша екені анықталды.

Қоңыр көмір үлгісіне микробиологиялық сандық сипаттама жасалды. 7-ші кестеде Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмір сынамаларындағы аэробты және анаэробты микроорганизмдердің сандық құрамын зерттеу нәтижелері көрсетілген. ЛҚК мен ОҚК сынамаларындағы аэробты микроорганизмдердің жалпы саны сәйкесінше  $17,2 \times 10^4$  КТБ/г және  $13,4 \times 10^4$  КТБ/г болатындығы анықталды.

Кесте 7 – ЛҚК және ОҚК үлгілерінің жалпы микробтық саны

Үлгілер	Микробтардың жалпы сандық көрсеткіші, КТБ/г	
	Аэробтар	Анаэробтар
ЛҚК	$17,2 \times 10^4 \pm 0,5$	$3,8 \times 10^3 \pm 0,4$
ОҚК	$13,4 \times 10^4 \pm 0,7$	$2,4 \times 10^3 \pm 0,3$

7-ші кестеде келтірілгендей, ОҚК-дегі аэробты микроорганизмдердің саны ЛҚК -ге қарағанда төмен, үлгілердегі анаэробты бактериялардың саны де төмен екендігі белгілі болды; ЛҚК –  $3,8 \times 10^3$  КТБ/г, ал ОҚК-де анаэробтар –  $2,4 \times 10^3$  КТБ/г көрсеткіш көрсетті. Алынған нәтижелер қоңыр көмірдің орналасу ортасына байланысты, себебі ЛҚК және ОҚК сынамалары терең қабаттардан

алынды және метагеномды талдауда көрсетілген бактериялардың басым бөлігі жасанды қоректік ортада өсуге қабілетсіз.

Қоңыр көмірде өсуге қабілетті микроорганизмдердің әр түрлі физиологиялық топтарын анықтау үшін белгілі бір изоляттардың өсуіне және дамуына қолайлы жағдай туғызатын арнайы қоректік орталарды қолдану арқылы элективті жағдайлар жасалды. Сонымен, элективті ортаны қолдана отырып жүргізілген зерттеулер нәтижесінде салыстырмалы түрде 3 кен орнынан: Ленгір қоңыр көмірінен 3 дақыл, Ой-қарағай қоңыр көмірінен 3 дақыл, Қарағанды қоңыр көмірінен 4 дақыл бөлініп алынды.

Зерттеудің келесі кезеңінде бөлініп алынған бактериялардың фенотиптік сипаттамалары анықталды. Қоңыр көмір үлгілерінен бөлініп алынған таза дақылдардың морфологиялық қасиеттері клеткалардың пішіні, мөлшері, агрегациясы, капсуласының болуы, спора түзуі, Грам әдісі бойынша боялуы бойынша зерттелінді. Бөлініп алынған 10 таза дақылдың дақылдық-морфологиялық қасиеттері 8 кестеде келтірілген.

Кесте 8 – Қоңыр көмір үлгілерінен бөлініп алынған изоляттардың дақылдық-морфологиялық қасиеттері

№	Дақыл атаулары	Колония сипаттамасы	Клетка морфологиясы
1	RKB 1	Дөңгелек, ақшыл түсті, беті дөңес, шеттері тегіс, диаметрі ~3 мм	Қысқа, дөңгелек, 1,0-2,0 мкм, грамтеріс, спорасыз
2	RKB 2	Дөңгелек, ашық жасыл, шырышты, беті кедір-бүдір, шеттері тегіс, диаметрі ~4 мм	Үлкен, грамтеріс таяқшалар, көлемі ~ 3 мкм, қозғалмалы
3	RKB 5	Дөңгелек, ақшыл қызыл, беті дөңес, шеттері тегіс, диаметрі ~5 мм	Грамтеріс, таяқша тәрізді, көлемі 2,5-4 мкм, спорасыз клеткалар
4	RKB 7	Дөңгелек, ақшыл түсті, беті дөңес, жиектері қисық, жылтыр, диаметрі ~3 мм	Грамоң, таяқша тәрізді, 0,7-4 мкм, спорасыз клеткалар
5	RKB 10	Дөңгелек, ашық жасыл, шырышты, беті кедір-бүдір, шеттері тегіс, жылтыр, диаметрі ~4 мм	Грамтеріс, таяқша тәрізді, көлемі 2-3 мкм, қозғалмалы клеткалар

Жұмыста оқшауланған бактериялардың физиологиялық және биохимиялық қасиеттерін зерттеу үшін дәстүрлі микробиологиялық әдістер қолданылды (кесте 9).

Кесте 9 – Қоңыр көмір үлгілерінен бөлініп алынған бактериялардың физиологиялық және биохимиялық қасиеттері


Дақылдар	Сипаттама															
	Катализалық белсенділігі	Оксидазалық белсенділігі	Индол тест	Нитраттың редукциясы	Қозғалу	Гидролиз			Ассимиляция							
						Казеин	Желатин	Крахмал	Глюкоза	Мальтоза	Маннит	Арабиноза	Ксилоза	Лактоза	Манноза	Сорбит
RKB 1	+	-	+	±	-	-	-	-	+	±	-	-	-	-	-	-
RKB 2	+	-	±	+	+	-	-	-	+	+	+	-	-	-	-	-
RKB 5	+	-	+	+	+	-	-	-	+	+	+	-	-	-	-	-
RKB 7	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-
RKB 10	+	-	±	+	+	-	-	-	+	+	+	-	-	-	-	-

### 3.3 Қоңыр көмірлердің бактериялармен байланысы, өсу динамикасы

Қоңыр көмірдің құрылымдық модификациясы мен деполимерленуін зерттеуде екі түрлі принципті ажырату қажет. Қара сұйықтықтың пайда болуына алып келетін қоңыр көмірдің еруі негізінен ферментті еру процесі емес, ол рН мәнінде (рН 7-10) жоғары болады. Микробтық сілтілі түзілуге байланысты және хелат агенттер мен беттік белсенді заттар болып табылады. Сонымен қатар, соңғы зерттеулер кейбір гидролитикалық ферменттердің ерігіштік процесін күшейтетіні туралы жаңа дәлелдер берді. Көмірдің еруі көмірдегі гуминді заттарының молекулалық салмағының айтарлықтай төмендеуіне алып келеді [294].

Сканерлеуші электронды микроскоп (СЭМ) көмегімен көмірдің микроорганизмдермен биосолюбилизациясын бағалаудың құнды әдісі болып табылады. Сонымен қатар, көмір бетінің кедір-бұдырлығы СЭМ-ді материалдың бетіндегі жарықтар мен саңылауларда бактериялардың клеткалары мен биоқабықшалардың пайда болуы туралы толық ақпарат беретін құрал болып табылады. СЭМ мәліметтері бойынша, қоңыр көмірде өсуге қабілетті изоляттар биоагрегаттарының клеткадан тыс кеңістігін құрайтын және биоқабатты матрикстің архитектурасын құрайтын полимерлі заттар бөледі. Бұл құрылымдар бактерия клеткаларының көмір бетіне бекінуіне мүмкіндік береді. Қоңыр көмір үлгілерінің СЭМ арқылы алынған микроекскіндері 20-шы суретте бейнеленген, онда көмір бетіне бекітілген таяқша тәрізді клеткалары айқын көрсетілген.

Бактериялардың көмір беткейіне жабысуы, негізінен, жеке клеткалар түрінде көрінеді, алайда клеткалардың колониялары біршама «үнгірлі» жерлерде де кездеседі, бұл олардың оңай агрегациясына ықпал етеді.




Сурет 20 – Көмір үлгілерінің СЭМ-микроскескіні (әр түрлі ұлғайту): а – өңделмеген ОҚК көмір үлгісі ( $\times 4500$ ), б – ОҚК көмір бетіндегі бактерия клеткалары ( $\times 25000$ ), с – өңделмеген ЛҚК көмір үлгісі ( $\times 2500$ ), d – ЛҚК көмір бетіндегі бактерия клеткалары ( $\times 3000$ )


Қоңыр көмірдің ерігіштігі және оның деполимерленуі микроорганизмдердің әсерінен жылдам жүреді [295]. Жасанды ыдырауды алдын ала көмірді өңдеу жұмыстарын зертханада азот қышқылы ( $\text{HNO}_3$ ), сутегі асқын тотығы ( $\text{H}_2\text{O}_2$ ), озон ( $\text{O}_3$ ) немесе сәулелендіру арқылы жүргізуге болады [296]. Жоғарыда айтылған құрылымдық модификациядан басқа, төмен молекулалы ароматты қосылыстардың күрделі қоспасы болып табылатын жылжымалы фазаның бөліктерін қолдану арқылы қоңыр көмірде бірқатар бактериялар өсе алады және көміртектің жалғыз көзі ретінде парафин тәрізді алифатты қосылыстарды пайдаланады [297]. Қазіргі уақытта бұл органикалық қосылыстардың нақты табиғаты туралы ақпарат жоқ, бірақ төмен молекулалық модельдерді қолданатын зерттеулер олардың құрамына фенолдар, бензой қышқылдары, бифенилдер мен дифенил эфирлері, сондай-ақ әр түрлі циклоалкандар, n-алкандар кіретінін көрсетіледі [298]. Кейбір қоңыр көмірлерде кездесетін целлюлоза мен гемицеллюлоза қалдықтары (мысалы, ағаш құрылымын сақтайтын ксилит көмірі) микроорганизмдер үшін көміртектің қосымша көзі бола алады. Көмір бөлшектерінде негізінен микроорганизмдер баяу өседі, бірақ табиғи құрылымдық өзгерістерге ұшыраған немесе химиялық тотыққан көмірлерді қолдану кезінде олардың өсуі айтарлықтай ынталандырылады, себебі тотығу

процесі көмірдегі қосылыстардың биожетімділігін арттыруы ықтимал. Сонымен қатар, минералды ерітінділерді (N, P, S, металл иондары немесе минералды тұздар) қосу немесе құрамында болатын микроорганизмдердің өсуін ынталандырады, бұл табиғи көмірдегі негізгі элементтердің микроорганизмдер үшін шектеулі екендігін көрсетеді. Кейбір жағдайларда қоңыр көмірді қолдану оның еруі арқылы жүруі мүмкін. қоңыр көмірдің биоөндеуіне қатысатын барлық мүмкін болатын механизмдерді сипаттау үшін ABCDE жүйесін [299] ұсынды, олар сілтілі заттар (A = alkaline substances), биокатализаторлар (B = biocatalysts), хелаторлар (C = chelators), детергенттер (D = detergents, беттік белсенді заттар), эстеразалар (E = esterases). Бұл механизмдер қоңыр көмір құрылымын өзгеріске ұшыратады және оның биосольюбилизациясына алып келеді. Қоңыр көмірдің құрамындағы элементтерді қорек көзі ретінде пайдаланып микроорганизмдер көмірдің қуыстарында немесе бетінде тіршілік етеді және оның құрамын үлкен өзгерістерге ұшыратады.

Қазіргі уақытта қоңыр көмірдегі микроорганизмдерді зерттеу негізінен нысаналы микроорганизмдерді іздестіруге бағытталған, ол биоотындарды жасаудың негізі ретінде сапасыз көмірлерді биотүрлендіру үшін қолдануға үлкен септігін тигізеді. Леңгір қоңыр көмірінде бактериялардың таза дақылдарының өсу қабілетін зерттеу үшін 5 бактерия штамдары пайдаланылды. Қоңыр көмірде бактериялардың өсуін зерттеуге арналған тәжірибелерде түрлендірілген минералды орта қолданылды. Зарарсызданған Леңгір және Ой-қарағай қоңыр көмірі көміртегі мен азоттың жалғыз көзі ретінде қосылды. Микроорганизмдердің минералды ортада метаболиттік өсу қабілеті суспензиядағы микробтық клеткалар санының өзгеру динамикасымен анықталды (сурет 21, 22).



Сурет 21 - ОҚК қоңыр көмірі бар ортада бактерия дақылдарының өсу динамикасы




Сурет 22 - ЛҚК қоңыр көмірі бар ортада бактерия дақылдарының өсу динамикасы

Оқшауланған дақылдардың көміртектің жалғыз көзі ретінде 5% көлемінде қоңыр көмір пайдаланылды. Тәжірибе 14 күн бойы жүргізілді. Оқшауланған дақылдардың белсенді көбеюін ОҚК қоңыр көмірі үшін 6 – күні RKB 7 дақылы көрсетті – ортадағы ең көп клеткалар санының пигі  $13,0 \times 10^8$  кл/мл, ал RKB 10 дақылы үшін 5-ші күні  $8,9 \times 10^8$  кл/мл құрады. ЛҚК қоңыр көмірі үшін 8-ші күні RKB 7 дақылы үшін  $10,8 \times 10^8$  кл/мл, ал RKB 10 дақылы үшін 7-ші күні  $8,5 \times 10^8$  кл/мл құрады. ЛҚК мен ОҚК да микроорганизмдердің өсу динамикасын салыстырғанда ЛҚК аз болуын көмірдің құрылымы мен құрамына байланысты болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.


Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ескере отырып суспензиядағы қоңыр көмірдің 5% концентрациясы оңтайлы орта ретінде таңдалды. Ол үшін көмір концентрациясы 0, 1, 5 және 10% болатын ортадағы дақылдардың өсу динамикасы зерттелді. Көміртек пен энергияның жалғыз көзі ретінде залалсыздандырылған көмір қолданылды. 23, 24 – суреттерде қоңыр көмірдің құрамы әр түрлі минералды ортадағы микробтық клеткалар санының өзгеру динамикасы көрсетілген.

23, 24 – суреттерде көрсетілгендей, бактериялардың максималды өсуі ортадағы қоңыр көмірдің концентрациясы 5% болғанда байқалды, ал клетка өсуінің бейімделу фазасы әр дақылда әр түрлі болды.





Сурет 23 – Микроорганизмдердің ОҚК қоңыр көмірінің әр түрлі концентрациясы бар ортасында өсуі



Сурет 24 – Микроорганизмдердің ЛҚК қоңыр көмірінің әр түрлі концентрациясы бар ортасында өсуі

Сонымен, биосолубилизация барысында биосурфактанттардың продуценттері – микроорганизмдердің оқшауланған 2 дақылы құрамында қоңыр көмірі бар ортада қарқынды көбейетіндігін көрсетілді.

### 3.4 Бөлініп алынған бактерия дақылдарының идентификациясы


Қоңыр көмір үлгілерінен бөлініп алынған дақылдардың дақылдық-морфологиялық және физиология-биохимиялық қасиеттері зерттелді, сонымен қатар метаболиттік және биосолубилиздеу қасиеттері белсенді RKB 7 мен RKB 10 штамдары түр деңгейіне дейін генетикалық талдау арқылы идентификацияланды. 2 изолятты генотиптеу *16S rRNA* генінің фрагментінің тікелей нуклеотидтік реттілігін анықтау әдісімен, Gene Bank халықаралық мәліметтер базасында депозиттелген реттілікпен нуклеотидтердің сәйкестігін анықтаумен жүзеге асырылды.

Екі сәйкестендірілетін штамдардың *16S rRNA* генінің нуклеотидтік реттілігі талданып, SeqScape 2.6.0 (Applied Biosystems) бағдарламалық жасақтамасында жалпы реттілікке біріктірілді. Осыдан кейін ұштық фрагменттері алынып тасталды, бұл BLAST алгоритмі көмегімен сәйкестендірілген ұзындығы 600 ж.н. жоғары нуклеотидтер реттілігін алуға мүмкіндік берді. Нуклеотидтер реттілігі және сәйкестендіру нәтижелері 10-шы кестеде көрсетілген.


Талдауға филогенетикалық жағынан ең жақын микроорганизмдер *16S rRNA* генінің нуклеотидтік реттіліктері кірді. Нәтижелерден көрініп тұрғандай (сурет 25), RKB 7 штамы *Bacillus pumilus* референтті штамынан шыққан нуклеотидтік реттіліктермен бір тармақта орналасқан. Ал 26-шы суретте көрсетілгендей, RKB 10 штамы *Providencia rettgeri* бір тармақта орналасқан.

Кесте 10 – 16S rRNA генін нуклеотидтік реттілік әдісімен сәйкестендіру нәтижелері

Дақыл атауы	16S р РНҚ генінің фрагментінің реттілігі	BLAST халықаралық деректер қорындағы нуклеотидтер тізбегін анықтау		
		GenBank қосылу нөмірі	Штам атауы	% сәйкестігі
1	2	3	4	5
RKB 7	<p>CTTCGGGGCGCTGGCTCCTAAAGGTTACCTCACGACTTCGGGTGTTGCAAA                      CTCTCGTGGTGTGACGGGCGGTGTGTACAAGGCCCGGGAACGTAATCACCGC                      GGCATGCTGATCCCGGATTAAGCTAGCGATTCCAGCTTCACGCAGTCGAGTTGC                      AGACTGCGATCCGAACTGAGAACAGATTTATGGGATTGGCTAAACCTTGGCG                      TCTTGCAGCCCTTTGTTCTGTCCATTGTAGCACGTGTGTAGCCAGGTCATAA                      GGGGCATGATGATTTGACGTCATCCCCACCTTCTCCGGTTTGTACCCGGCAG                      TCACCTTAGAGTGGCCAACTGAATGCTGGCAACTAAGATCAAGGGTTGCGCT                      CGTTGCGGGACTTAACCCAACTCCTCACGACAGCTGACGACAACCATGC                      ACCACCTGTCACTCTGTCCCCGAAGGGAAAGCCCTATCTTAGGGTTGTGAG                      AGGATGTCAAGACCTGGTAAGGTTCTTCGCGTTGCTTCGAATTAACCCACAT                      GCTCCACCCTTGTGCGGGCCCCGTCAATTCCTTTGAGTTTCAGTCTTGCGA                      CCGTACTCCCCAGGCGGAGTGTCTAATGCGTTAGCTGCAGCACTAAGGGGCG                      GAAACCCCTAACACTTAGCACTATCGTTTACGGCGTGGACTACCAGGGTA                      TCTAATCTGTTCGCTCCCCACGTTTCGCTCCTCAGCGTCAGTTACAGACCA                      GAGAGTGCCTTCGCCACTGGTGTCTCCACATCTTACGCATTTACCCGGT                      ACACGTGGAATTCACCTCTCTCTTCTGCACTCAAGTTTCCAGTTTCCAATG                      ACCCTCCCGGTTGAGCCGGGGCTTTCACATCAGACTTAAGAAACCCGCTG                      CGAGCCCTTACGCCAATAATTCGGGACAACGCTTGGCACCTACGATTTACC                      GCGGCTGCTGGCACGTAGTTAGCCGTGGCTTTCGTTAGGTACCGTCAAGG                      TCGGAGCAGTTACTCTCGCACTTGTCTTCCCTAACACAGAGCTTACGATC                      CGAAAACCTTCATCACTACGCGCGGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCATTGC                      GGAAGATTCCCTACTGCTGCTCCGTAAGGAGTCTGGGCGGTCTCAGTCC                      AGTGTGGCCGATCACCTCTCAGGTCGGCTACGCATCGTCCGCTTGGTGAGC                      CATTACCCACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGGTCCATCTGTAAGTGACAGC                      CGAAACCGTCTTTCATCCTTGAACCATGCGGTTCAAGGAACATCCCGGTATTA                      GCTCCGGTTTCCCGGAGTTATCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGTGTTA                      CTCACCCGTCGCGCTAACATCCGGGAGCAAGCTCCCTTCTGTTCGCTCGAC                      TNGCATGATAGCACGCG</p>	NR_112637.1	<i>Bacillus pumilus</i>	99
		NR_113945.1	<i>Bacillus safensis</i>	99
		NR_148787.1	<i>Bacillus australimaris</i>	99
RKB 10	<p>CAAAAGTGAGTAAGCGCCCTCCCGAAGGTTAAGCTACCTACTTCTTTTGCAA                      CCCACTCCATGGTGTGACGGGCGGTGTGTACAAGGCCCGGGAACGTAATCA                      CCGTAGCTGATCTACGATTACTAGCGATTCCGACTTCATGGAGTGCAGT                      TGCAGACTCCAATCCGACTACGACGACTTTATGAGTTCGCTTGTCTCGC                      GAGGTGCTTCTCTTTGTATACGCCATTGTAGCACGTGTGTAGCCCTACTCGT                      AAGGGCATGATGACTTGACGTCAATCCCACTTCTCCGTTTATCACCCGGC                      AGTCTCTTTGAGTTCGCGACCGAATCGCTGGCAACAAAGGATAAGGGTTGC                      GCTCGTTGCGGGACTTAACCCAACTTTCAACAACAGAGCTGACGACAGCCA                      TGCAGCACCTGTCTCAGAGTTCGGAAGGCACTAAAGCATCTCTGCTAAATT                      CTCTGGATGTCAAGAGTAGGTAAGGTTCTTCGCGTTGCATCGAATTAACCA                      CATGCTCCACCGCTTGTGCGGGCCCCGTCATTTCAATTTGAGTTTAACTTG                      CGGCCGACTCCCCAGGCGGTGATTTAACGCGTTAGCTCCGAAAGCCACTC                      CTCAGGGAAACAACCTTCAAATCGACATCGTTTACAGCGTGGACTACCAGGG                      TATCTAATCTGTTTGTCTCCACGCTTTCGCACCTGAGCGTCACTTTGTCC                      AGGGGCGGCTTCCGACCCGATTTCTCCACATCTACGCATTTACCCG                      TACACATGGAATTTACCCCTTACAAGACTAGCTGACCAGTCTTAGAT                      GCCATTCAGGTTAAGCCCGGGGATTTACATCTAATTAATCAACCGCCTG                      CGTGCCTTACGCCCAGTAATCCGATTAACGCTTGCACCCTCCGTAATACC                      GCGGCTGCTGGCACGGAGTAGCCGGTGTCTTCTGTGCGTAACGTCAATC                      GTTGATGATATTAGCATCAACGCTTCTCCGACTGAAAGTACTTTACAACC                      CTAGGGCTTCTTATACACGCGGATGGCTGCATCAGGCTTGCGCCATTGT                      GCAATATCCCACTGCTGCTCCCGTAGGAGTCTGGGCGGTGTCTCAGTCCC                      AGTGTGGCTGATCATCTCTCAGACCAGCTAGGGATCGTGCCTTGGTGAGC                      CATTACCTCAACACTAGCTAATCCCATATGGGTTTATCCGATAGCGCAAGG                      ACCGAAGTTCCCTGCTTTGCTCTGAGAGATTATGCGGATTAGTACTACCGTT                      TCCAGTAGTTATCCCTTATCGGGCAGATCCCATACATTAATCAACCCGTC                      CGCCGCTGCTCAGCGAGAAGCAAGCTTCCCTGTACCGCTCGACTGCATGTG                      TAGC</p>	LT899977.1	<i>Providencia rettgeri</i>	99
		HQ154569.1	<i>Providencia sp. R8-1A</i>	99
		KU984707.1	<i>Providencia vermicola</i>	99



Сурет 25 - МК085910.1 *Bacillus* sp. тобындағы *16S rRNA* генінің фрагментін талдау негізінде тұрғызылған филогенетикалық ағаш




Сурет 26 - *Providencia* sp. тобындағы *16S rRNA* генінің фрагментін талдау негізінде тұрғызылған филогенетикалық ағаш

Дақылдық-морфологиялық, физиология-биохимиялық, биосоллюбилиздеу және генетикалық сипаттамаларды салыстыру нәтижесінде алынған мәліметтер RKB 7 және RKB 10 штамдарының сәйкесінше *Bacillus* және *Providencia* туыстарының түрлік тиістілігіне жатқызуына мүмкіндік берді.

### 3.5 *Bacillus* sp. RKB 7 және *Providencia* sp. RKB 10 штамдарының биосурфактанттар түзу қабілеті

Кейбір бактериялар өсіру ортасында көмірсутектердің болуына жауап ретінде биосурфактанттарды (био-беттік-белсенді заттар – биоББЗ) синтездейтіні белгілі. Мұндай микроорганизмдер көмірдің органикалық бөлігін бөлшектеуге көмектеседі, бұл бактериялардың көмірмен жанасу ықтималдығын арттырады. Дақылдық супернатанттың эмульгирленген белсенділігі биосурфактанттардың өндірушісі ретіндегі бактериялық штамдардың негізгі маркері болып табылады [283].

Көмірдің жоғары дәрежелі биосоллюбилизациясы негізінен ондағы микроорганизмдер/ферменттер мен биосурфактанттардың өзара әрекеттесуі арқылы жүреді [303-305]. Көмір, биосурфактанттар мен ферменттер арасындағы үш ықтимал өзара әрекеттесуі 27 суретте көрсетілген. Бірінші әрекеттесу (27а-сурет) микроорганизмдер биосурфактанттардың қатысуымен мұнай көмірсутектерінің қалдықтарын ыдырату үшін жүргізетін процеске ұқсас. Мұнда биосурфактанттар алдымен көмірдің кейбір гидрофобты бөліктерін эмульсиялайды. Содан кейін эмульсияланған көмірдің ұсақ бөлшектері ферменттердің әсерінен ыдырайды. Екінші әрекеттесуде (27ә-сурет) ферменттер алдымен биосурфактанттармен қамтылады/күрсауланады. Содан кейін биосурфактанттар-ферменттер жүйесі көмірді биосолибилиздеу үшін көмірдің бетіне бекінеді. Үшінші әрекеттесуде (27б-сурет) биосурфактанттар алдымен көмір бетіне бекітіледі, содан кейін сурфактанттардың гидрофильді бастары арқылы көмірді еріту үшін ферменттер көмір бетіне адсорбцияланады.



Сурет 27 - Көмірді биосолубилиздеу кезінде көмір-биосурфактанттар-ферменттер арасындағы үш ықтимал әрекеттесулердің сызбасы

Әр түрлі физиологиялық топтағы микроорганизмдер эмульгирлеу қабілеттілігімен, эмульгирлеу сыйымдылығымен, эмульсия тұрақтылығымен ерекшеленеді және әр түрлі табиғаттағы биосурфактанттар бөліп шығарады. Микроорганизмдер үшін көмірсутектердің қол жетімділігін максималды түрде жоғарылататын көмірдің органикалық массасын ыдырататын/ерітетін биоББЗ заттарды түзу қабілеті супернатантта 24 сағаттан кейін (E<sub>24</sub>) эмульгирлеуші белсенділікті анықтау арқылы зерттейді. Эмульгирлеу белсенділігін анықтау кезінде компоненттердің гидрофобты субстраттары ретінде керосин, бензин, дизель отыны, зәйтүн майы, хлороформ және гексан пайдаланылды.


Зерттеу барысында *Bacillus* sp. RKB 7 және *Providencia* sp. RKB 10 биосурфактанттарының штам-продуценттерінің субстраттық ерекшелігі анықталды. 11-ші кестеде микроорганизмдердің дақылдарын субстраттарға қатысты E<sub>24</sub> зерттеу нәтижелері келтірілген. Алынған нәтижелер [288] хлороформға қатысты максималды эмульгирлеу белсенділігі *Providencia* sp. RKB 10 (60%) байқалды, ал дизельдік отынға – *Bacillus* sp. RKB 7 (18,5%). Кестедегі нәтиженің барлығы алынған штамдардың эмульгирлеу белсенділігі жоғары екенін көрсетіп отыр.

## Кесте 11 – Микроорганизмдер штамдарының эмульгирлеу белсенділігі

Штаммдар	E <sub>24</sub> , %					
	Бензин	Дизель отыны	Керосин	Зәйтүн майы	Хлороформ	Гексан
<i>Bacillus</i> sp. RKB 7	7,5±0,1	18,5±0,2	12±0,3	18,4±0,3	33,3±0,5	8±0,4
<i>Providencia</i> sp. RKB 10	6,7±0,3	7,4±0,4	12±0,4	28±0,7	60±0,6	5±0,6

Субстраттарға қатысты микроорганизм штамдарының эмульгирлеу белсенділігін анықтау нәтижесінде микроорганизмдердің екі дақылында да E<sub>24</sub> жоғары болатыны анықталды, яғни олар клеткамен байланысқанда биосурфактанттар түзеді және олардың биомассасын көмірді эмульгирлеу үшін қолданылу керек.

Зерттеудің келесі кезеңінде микроорганизмдердің штамдарын қолдана отырып супернатанттардың қоңыр көмірді эмульгирлеу белсенділігі анықталды. 28-ші суретте биосурфактанттар бар клеткасыз суспензияларымен көмір бөлшектерінің ерітілу дәрежесі көрсетілген.




Сурет 28 – Эмульгирлеу белсенділігі: а – бақылау, б – супернатантты орта

Қоңыр көмірдің бактериялық түрленуі оның қатты гидрофобты сипатына байланысты күрделі үдеріс болып табылады. Бастапқы кезеңдерде көмірдегі органикалық полимерлер микроорганизмдер мен олардың метаболиттері әсерінен молекулалық салмағы төмен фрагменттерге дейін бұзылады. Бұл молекулалар сұйық ортада еру қабілетіне ие болады немесе микротамшылар түрінде тасымалданады және микроорганизмдердің метаболизміне қатысады әрі соңғы өнімге айналады. Көмірдің биосольюбилизациясы аэробты жағдайда құрамында ферментативті, сілтілі және хелат компоненттері бар биосурфактанттардың әсерінен жүзеге асырылады [298]. Әдетте, микроорганизмдердің көлемі көмірдегі макро- және микро-жарықшаларға, сондай-ақ макрокеуектерге бекітілеуге мүмкіндік береді. Көмір бөлшектерінің гидрофобтылығы клеткадан тыс бактериялық заттардың әсерінен төмендейді, бұл көмірдің ыдырауына әкеледі [299]. Нәтижесінде полимерлер клеткадан тыс

ферменттер мен сілтілі компоненттердің әсерінен микробтық клеткалар қолдана алатын кішігірім құрылымдарға ыдырайды.

### 3.6 *Bacillus* sp. РКВ 7 және *Providencia* sp. РКВ 10 штамдары арқылы қоңыр көмірдің биосолюбилизациясы

Бактерия штамдарының биосолюбилизациялау қабілетін анықтау агар-диффузиялық және батырылған дақыл әдістерін қолдану арқылы екі тәсілмен жүргізілді. Агар-диффузия әдісті қолдану нәтижелері бойынша *Bacillus* sp. РКВ 7 және *Providencia* sp. РКВ 10 дақылдары 7 күн ішінде агар матрицасының түсінің айқын өзгеруімен қоңыр көмірді тиімді биосолюбилизациялайды. Ал бақылау нұсқаларында (бактериялық газонсыз) солюбилизациялау өнімдерінің пайда болуы байқалмайды (сурет 29).



Сурет 29 – Көмірді биосолюбилизациялау: а – *Bacillus* sp. РКВ 7 штамымен, б – *Providencia* sp. РКВ 10 штамымен, в – бақылау

Бактерия штамдарымен батырылған дақыл әдісі арқылы қоңыр көмірді солюбилизациялау нәтижелері агар-диффузиялық әдісті қолданып алынған нәтижелермен ұқсас болды. Алынған нәтижелер Леңгір және Ой-қарағай кен орындарындағы қоңыр көмірдің микробтық солюбилизациялауға биоқолжетімді екендігін көрсетеді.

ОҚК көмірдің РКВ 7 қатысында биосолюбилизация дәрежесі 3-ші күні 15,6%-ға жетсе, 14-ші күні 24%-ға дейін өсті (кесте 12). ЛҚК үшін бұл дәреже 3-ші күні 5,7%-ға жетсе, 14-ші күні 7,4%-ға дейін өсті. РКВ 10 қолдана отырып, көмірді биосолюбилизациялау ОҚК 3-ші күні 11,5%, 14 күннен кейін 19,3% нәтижесін көрсетті, ал ЛҚК үшін 3-ші күні 4,9%-ға, ал 14-ші күні 6,8%-ға дейін өсті. Бақылау үлгілеріндегі көмірдің ыдырау дәрежесі осы уақыт аралығында 0,2-2,8% құрады. Көмірді қосу инокулятсыз қоректік орталардың рН-ын төмендетті (кесте 13), бұл құбылыс төмен сапалы көмірлердің қышқылдық қасиетімен түсіндіріледі. Сонымен, бастапқы рН ~ 7.1 болды, бақылау ортаның бастапқы рН-ы көмір сынамаларын қосқаннан кейінгі алғашқы 3 күнде рН 6,3 (ОҚК) және рН 5.9 (ЛҚК) өзгерді, 14 күннен кейін рН 5,7-5,8-ге төмендеді. Ал РКВ 7 мен РКВ 10 көрсеткіштерінің мәні жақын болды, 3 күннен кейін РКВ 7 ОҚК – 7,7 болса, ЛҚК – 8,8 болды, РКВ 10 екі көмірде де 7,8 көрсетті. Ортаның

pH 14 күннен кейін ОҚК РКВ 7 – 8,2, РКВ 10 – 8,1, ал ЛҚК РКВ 7 – 7,3, РКВ 10 – 7,9 көрсетті. Бақылауда 3 күннен соң ОҚК – 6,3, ЛҚК – 5,9 болса, 14 күннен кейін ОҚК – 5,8, ЛҚК – 5,7 құрады. Яғни, РКВ 7 мен РКВ 10 штамдары салынған сынама-ларда биосолюбилизация үдерісі жүргенін pH көтерілгенінен бақылауға болады.


Кесте 12 – Қоңыр көмірді биосолюбилизациялау кезінде көмірдің салмақ жоғалту жылдамдығы

Тәулік	Салмағының жоғалуы, %					
	РКВ 7		РКВ 10		Бақылау	
	ОҚК	ЛҚК	ОҚК	ЛҚК	ОҚК	ЛҚК
3	15,6 ± 0,6	5,7 ± 0,7	11,5 ± 0,5	4,9 ± 0,4	1,4 ± 0,2	0,02 ± 0,00
5	16,9 ± 0,8	6,1 ± 0,5	13,7 ± 0,3	5,2 ± 0,4	1,5 ± 0,2	0,07 ± 0,01
10	18,1 ± 0,9	7,3 ± 0,9	16,6 ± 0,8	6,4 ± 0,5	2,6 ± 0,9	0,1 ± 0,02
12	21,8 ± 0,1	7,3 ± 0,9	18,2 ± 0,2	6,7 ± 0,4	2,8 ± 0,1	0,2 ± 0,01
14	23,9 ± 0,8	7,4 ± 0,1	19,3 ± 0,4	6,8 ± 0,3	2,8 ± 0,3	0,2 ± 0,01

Кесте 13 – Қоңыр көмірді биосолюбилизациялау барысында дақылды ортадағы pH мәнінің өзгеруі

Тәулік	pH мәні					
	РКВ 7		РКВ 10		Бақылау	
	ОҚК	ЛҚК	ОҚК	ЛҚК	ОҚК	ЛҚК
3	7,7 ± 0,07	8,8 ± 0,03	7,8 ± 0,04	7,8 ± 0,06	6,3 ± 0,04	5,9 ± 0,01
5	7,9 ± 0,06	7,5 ± 0,09	7,8 ± 0,07	7,7 ± 0,08	5,7 ± 0,09	5,8 ± 0,09
10	8,2 ± 0,01	7,3 ± 0,08	7,9 ± 0,02	7,8 ± 0,06	5,7 ± 0,07	5,8 ± 0,07
12	8,3 ± 0,06	7,3 ± 0,06	8,2 ± 0,05	7,8 ± 0,03	5,7 ± 0,01	5,8 ± 0,01
14	8,2 ± 0,09	7,3 ± 0,03	8,1 ± 0,06	7,9 ± 0,02	5,8 ± 0,06	5,7 ± 0,06

Көмір биосолюбилизациясының кинетикасын зерттеу үшін супернатанттың сәулені сіңіру көрсеткіші 480 нм шамасында өлшенді. Толқын ұзындығы солюбилизацияланған өнімдердің болуына сезімтал екендігі белгілі [300]. А<sub>450</sub> мәнінің бағыты мен pH жоғарылауы өзара байланысты және бұл екі көрсеткіш биосолюбилизацияның жоғары дәрежесін көрсетеді (сурет 30). Инокуляцияланған көмірлі ортаның pH мәні 7,9-ге жеткенде, 450 нм кезіндегі оптикалық тығыздық біртіндеп арта бастады, бұл өз кезегінде қоңыр көмірдің еру дәрежесінің жүруін көрсетеді. Нәтижелер биосолюбилизация кезінде pH жоғарылауы сілтілі метаболиттердің биосинтезіне байланысты екендігін растайды. Көмірге қатысты ең жоғарғы метаболиттік белсенділік *Bacillus* sp. РКВ 7+ ОҚК үшін көрсетілді, ондағы спектрлік сіңіру  $3,3 \pm 0,4$  құрайды.



Сурет 30 – Қоңыр көмірлердің биосоллюбилизация дәрежесі

Көмірден бөлінген гуминдік заттардың құрылымы мен табиғатын зерттеу олардың қоңыр көмірдің байланыстырушы қасиеттерін арттырудағы потенциалды рөлін объективті бағалау үшін қажет. Қазіргі кезде гуминдік заттарды әр түрлі материалдардағы негізінен жоғары рН ортасында еритін органикалық молекулалардағы қолданылатын жалпы органикалық көміртекті талдауға негізделген. Осы рН-та еритін барлық органикалық заттар, олардың шынайы құрылымына қарамастан, гумин қосылыстары ретінде қарастырылатындығы белгілі [300]. Бұл тұрғыда гуминдік заттарды, олардың құрамын және гумификация дәрежесін сапалы сипаттауға мүмкіндік беретін қолайлы талдау әдістерін таңдау үлкен қызығушылық тудырады. Олардың арасында, мысалы, қоңыр көмірді соллюбилизациялау өнімдерін, атап айтқанда, гуминдік заттарын сипаттау үшін спектроскопиялық талдауды қолдану үлкен мүмкіндіктерді ұсынады. Жұмыста әр түрлі спектроскопиялық әдістермен биосурфактанттардың қоңыр көмірге әсерінен пайда болатын гуминдік заттар өнімдері зерттелді. Биосоллюбилизация өнімін химиялық жолмен алынған өніммен салыстыру мақсатында жасалған жұмыс ретінде қарастырылды.

ОҚК мен ЛҚК алынған гуминдік қосылыстардың элементтік талдау нәтижелері 14-ші кестеде берілген. ГЗ биосоллюбилизация нәтижесінде элементтік құрамы өзгерді. Қоңыр көмір сынамаларының бактериялық биотрансформациясы ГҚ құрылымдық өзгерістерін тудыратын метаболитті процестерге байланысты N және O көп мөлшерде құрайтыны анықталды. Ал, ГЗ құрамындағы N-топтардың жоғары мөлшері бұл қосылыстардың фитостимуляторлық белсенділігін анықтай алады. Нәтижелер ОҚК-ден алынған БГЗ (биологиялық жолмен алынған гуминді заттар) гидрофильді, ароматты конденсациясы төмен екенін растайды. Н/С атомдық қатынасы ароматты қосылыстардың көрсеткіші болып табылады. Оның аз биотрансформацияланған үлгілердегі мәні ЛҚК ХГЗ және БГЗ және ОҚК ХГЗ (химиялық жолмен алынған



гуминді заттар) төмен болды, бұл молекулалық салмақты жоғары және күрделі ароматты қосылысты құрылымдардың жоғары мөлшерін көрсетеді. О/С атомдық коэффициенті-органикалық заттардағы оттегі бар топтардың (көмірсулар мен карбоксилдік топтар) мөлшерінің көрсеткіші, әдетте ГҚ мәндері 0,4 құрайды. Бұл индикатордың төменгі мәндері ГҚ-да ароматты қосылыстардың конденсацияның жоғары дәрежесін көрсетеді. N/C атомдық қатынасы органикалық заттардағы азот мөлшерін көрсетеді; Бұл қатынастың жоғары мәндері ГҚ әр түрлі шығу тегін анықтайды, ал қоңыр көмірден алынған ГҚ үшін бұл әдетте <0,05. N/O қатынасы өнімдерді биосоллюбилизациялау кезінде азот құрамының төмендегенін және олардың төменгі молекулалық салмағын көрсетеді. Нәтижелерге сәйкес ОҚК БГЗ төмен молекулалық массаны және ароматты қосылысты заттарды көрсетті.

Кесте 14 – Соллюбилизденген өнімдердің химиялық талдауы

Сынамалар		Элемент (%)						Ароматты қатынас			
		C	H	N	S	O <sup>diff.</sup>	Күл	H/C	O/C	N/C	N/O
ОҚК	ХГЗ	55,7 ±0,2	3,90 ±0,3	1,55± 0,04	0,14± 0,01	34,24 ±0,03	4,46± 0,05	0,84± 0,04	0,46± 0,03	0,02± 0,01	0,05± 0,02
	БГЗ <sub>РКВ</sub> 7	54,4 2±0, 03	4,05 ±0,0 2	3,10± 0,03	0,17± 0,02	35,66 ±0,03	2,60± 0,02	0,89± 0,02	0,49± 0,03	0,04± 0,01	0,09± 0,02
	БГЗ <sub>РКВ</sub> 10	55,0 1±0, 02	4,19 ±0,3	3,31± 0,02	0,11± 0,03	35,37 ±0,04	2,01± 0,01	0,88± 0,03	0,48± 0,03	0,04± 0,01	0,08± 0,02
ЛҚК	ХГЗ	57,5 0±0, 03	3,55 ±0,2	1,40± 0,2	1,25± 0,1	30,03 ±0,01	6,27± 0,03	0,74± 0,07	0,39± 0,02	0,02± 0,01	0,05± 0,02
	БГЗ <sub>РКВ</sub> 7	58,3 0±0, 1	4,02 ±0,0 2	2,17± 0,1	1,45± 0,04	31,02 ±0,02	3,03± 0,02	0,83± 0,05	0,39± 0,04	0,03± 0,01	0,07± 0,02
	БГЗ <sub>РКВ</sub> 10	56,5 0±0, 2	4,18 ±0,0 3	3,02± 0,04	1,37± 0,05	31,42 ±0,04	3,51± 0,01	0,79± 0,04	0,42± 0,04	0,04± 0,01	0,08± 0,02


Анықтама: O<sup>diff.</sup> - басқа элементтерден айырмашылығы

Гуминдік заттарының ИҚ-спектрлері. Қоңыр көмір өнімдерінің ИҚ-спектрлерінде әр түрлі шығу тегі гуминдік заттарына тән сіңіру жолақтары бар [284]. 31a суретте қоңыр көмірлердің ИҚ-спектрі көрсетілген. Ол 3400 см<sup>-1</sup> кезінде интенсивті жолақпен сипатталады, бұл гидроксил топтарының едәуір мөлшерінің болуын көрсетеді (-ОН). Гуминдік заттардың спектрлерінде 3192 см<sup>-1</sup> ауданында алкил топтарының (-CH<sub>3</sub> және -CH<sub>2</sub>) валентті тербелістерінен туындаған орташа қарқындылық бар.

1554 см<sup>-1</sup> ауданындағы жолақ С=С ароматты қосылысты байланысының бар екендігін көрсетеді. 1400 см<sup>-1</sup> шамасындағы жұтылу жолағын СН<sub>2</sub> топтарындағы С-Н байланысының деформациялық тербелістеріне жатқызуға болады. 1000-500

см<sup>-1</sup> ауданында сіңіру пиктері минералды компоненттерге байланысты пайда болуы мүмкін.

Қоңыр көмірлердің ИҚ-спектрлерінің ерекшеленетіні 31b суретте көрсетілген; 1646 см<sup>-1</sup> ауданындағы орташа қарқындылық жолағы амидтер тобында басым; оның болуы гуминдік заттардың құрамында белок тәрізді фрагменттердің бар екендігін көрсетеді. Карбоксил топтары (1247 см<sup>-1</sup>), сондай-ақ гидроксил топтары (1038 см<sup>-1</sup>) сияқты оттегі құрамды функционалды топтарға әлсіз қарқындылықтың бірнеше жолақтарын жатқызуға болады. Спектрлер арасындағы айтарлықтай айырмашылық – БГЗ-де 3192 см<sup>-1</sup> ауданында жолақтардың болмауы.



Сурет 31 – Қоңыр көмір үлгілерінің *Bacillus sp.* РКВ 7 қатысындағы ИҚ-спектрі: ОҚК (a), ЛҚК (b)

Қоңыр көмірдің екі үлгісінің де биосолубилизация өнімдерінің ИҚ спектрлері олардың функционалды топтарының әртүрлілігін көрсететін сіңіру

жолақтарының мәні анықтады. Үлгілердің -ОН негізгі аймақтары (3700-1220 см<sup>-1</sup>) -NH<sub>3</sub><sup>+</sup>, -NH<sub>2</sub><sup>+</sup>, -CO-NH<sub>2</sub><sup>+</sup>, -CO-NH- қосындылары бар созылмалы тербелістерге; алифатикалық жолақтар (C-H) 2980-2845 см<sup>-1</sup>; эфирлердің шамалы үлесі бар 1850-1650 см<sup>-1</sup> аймағында COOH, -CHO, -CO карбонил жолақтары; 1635-1600 см<sup>-1</sup> ароматты қосылысты жолақтардың (C=C, COO-) созылу тербелістері, 873-728 см<sup>-1</sup> кездесетін алмастырылмайтын сақиналар, 430-550 см<sup>-1</sup> органикалық галогенидтер мен минералдар жатады.

ОҚК үлгілерінің сіңіру жолақтары басқа үлгілермен салыстырылды. Бастапқы қоңыр көмірдің 2845 см<sup>-1</sup> тән қарқындылығы алифатты топтарға байланысты болуы мүмкін. Өнімдердің 1700 см<sup>-1</sup> сіңіру жолақтары альдегидтердің, кетондардың және карбоксил тобының карбонилдік тербелістеріне тән. Гидроксил топтарының болуына байланысты тербелістер 1410 мен 1310 см<sup>-1</sup> аралығында байқалады.

1450, 1429 және 1360 см<sup>-1</sup> жолақтарын сәйкесінше алифаттық C-H, бастапқы амидтердің C=N және -CO, -CH<sub>3</sub> жатқызуға болады. Супернатантта жолақтар неғұрлым қарқынды болып көрінеді, бұл *Bacillus* sp RKB 7 бөлетін метаболиттер биосоллюбилизденген өнім құрамында елеулі өзгерістер тудыруы мүмкін екенін көрсетеді. 2845 см<sup>-1</sup> минимумы жоғалады, бұл бактериялық метаболизмге байланысты алифатикалық тізбектердің деградациясын көрсетеді.


ЛҚК-дің ОҚК-ден айырмашылығы, ЛҚК қоңыр көмірі мен оның биосоллюбилизденгеннен кейінгі қалдығы 1315 см<sup>-1</sup> (сульфон топтары (SO<sub>2</sub>)), 1420 см<sup>-1</sup> (бастапқы амидтердің C=N) және 1020 см<sup>-1</sup> (CO полисахаридтерінің қосындылары бар күшті жолақтарды көрсетті S=O, PO-алкил).

ЛҚК қоңыр көмірін ИҚ-спектрлік зерттеу нәтижелері 30-шы суретте келтірілген. Бастапқы қоңыр көмірдің ИҚ-спектрінде келесі фрагменттер сәйкестендірілді (ν, см<sup>-1</sup>): ароматты циклдар (1500-1600 және 700-900); алкил тізбектерінің метил және метилен топтары (1450-1470 және 800-1100); қос байланыстар (1320-1270 және 870-520); алифатты және алкилароматикалық кетондардың карбонил топтары (1100, 1220-1130 және 1330-1220); күрделі эфир топтары (1320-1000); алкоксил топтары (2850, 2830-2815); фенолдар мен спирттердің гидроксил топтары (1450-1370); оттегі-, күкірт- (1565, 1030-1015, 870-845 және 800-740) және құрамында азот бар гетероциклдар (1100-1000, 1210-1190 және 900-670).

Гуминдік заттардың LC/MS QqQ. Жоғары тиімді сұйық хроматография әдісі полярлы ұшпайтын заттарды, атап айтқанда гуминтекес қышқылдарды детекторлау үшін қолданылатыны белгілі [301]. Ажыратымдылық қабілеті пиктің зарядына массаның қатынасы (m/z) арқылы бағаланды. Берілген ХГЗ масс-спектрлеріндегі мәліметтердің массалар диапазоны 2000 Da-ға дейін және БГЗ 1000 Da-ға дейін жетеді, бірақ пиктер, негізінен, 600 Da-ға дейін созылатын масса диапазонында байқалды. 32-шы суреттегі спектрлердегі маңызды айырмашылықтарды атап өтуге болады.

ХГЗ әр түрлі масс-спектрлерінде кластерлер көрсетеді. Кейбіреулері 200-300 Da аралығында болса, ал басқалары 500-600 Da шамасында немесе 800-900 Da шамасында, сондай-ақ 1100 Da және 1400 Da шамасында да болады. БГЗ әр

түрлі масс-диапазондарында шамамен 100 Da, 120 Da, 220 Da, 300 Da және т.б. пиктердің үлкен тобын көрсетеді. Номиналды массадан едәуір жоғары болып көрінетін пиктер, әдетте, аминқышқылдары мен май қышқылдары сияқты жоғары сутегі құрамы жоғары заттар болып табылады. 300-600 Da аймақтары арасында БГЗ пиктерінде номиналды масса кезінде немесе одан төмен көрінеді, демек бұл аймақта орналасқан молекулаларда сутегі мен оттегінің қатынасы өте төмен деп болжауға мүмкіндік береді. Пиктің бұл түрін бензой қышқылдарымен және қоюландырылған ароматты қосылыстармен байланыстыруға болады. Бұл қосылыстардың құрамында сутегі аз және көбінесе оттегінің едәуір мөлшері болады.



Сурет 32 – ХГЗ (а) және БГЗ<sub>РКВ 7</sub> (b), БГЗ<sub>РКВ 10</sub> (c) масс-спектрлері (ОҚК негізінде)


БГЗ кезінде спектрлік диапазоны 300 Da-ға дейін, пиктер Н-байытылған молекулалары ретінде номиналды массаларының үстінен шыға бастайды. Сутегі мен оттегінің арақатынасы жоғарылағанда, алифатты қосылыстардың көп

болуына байланысты пиктер орташа ұзындықтағы май қышқылдарымен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, 183 Da кезіндегі пикті 11 көміртегі атомы бар (11:2) полиқаньқпаған май қышқылына жатқызуға болады, ал 259 Da кезіндегі пик 16 көміртек атомы бар қанықпаған қышқылды (16:0) білдіреді, ал 293 Da моноқаньқпаған 19 көміртек атомын (19:1) көрсетеді.

Биосолюбилизация үшін перспективтік бактериялық изоляттар қоңыр көмірді 30%-ға дейін өзгертеді [89]. Алайда, осы зерттеулерде пайдаланылған көмір үлгілері едәуір төмен концентрацияда болғанын немесе негізінен химиялық және биологиялық әдістермен өңделгенін, бұл солюбилизациялау үдерісін едәуір жақсартқаны анықталды. Бұл жағдайда *Bacillus* sp. РКВ 7 үшін 23,9% жуық, *Providencia* sp. РКВ 10 үшін 19,3% жуық өңделмеген қоңыр көмірді (5% w/v) 12 күн ішінде ыдыратуға қабілетті, бұл көмірдің биоконверсиясы үшін оның әлеуетті құндылығын көрсетеді.

БГЗ-ның FTIR-спектрлері ХГЗ салыстырғанда әр түрлі функционалды топтардың пайда болуын көрсетеді. БГЗ сипатты өзгерістер 1300-1000 см<sup>-1</sup> арасындағы эфир және алкоголь топтарына жататын жолақтар болып табылады. Нәтижесінде, пиктердің масс-спектрлерде таралуы ХГЗ мен БГЗ арасында айтарлықтай ерекшеленеді: гумин заттары үшін табылған интенсивті пиктердің көпшілігі m/z 1000 Da төмен, бұл биосолюбилизденген заттары шағын гетерогенді молекулалар екенін көрсетеді.

Оптикалық спектроскопия коэффициенттері (UV-Vis). UV-Vis спектрлерінен алынған коэффициенттердің орташа мәндері гуминдік заттарда функционалдық топтардың бар екендігі және олардың химиялық табиғаты туралы ақпараттандыру үшін пайдаланыла алады. 15-ші кестеде зерттелетін үлгілердің спектроскопиялық көрсеткіштері келтірілген. Қоңыр көмірден алынған ГЗ үлгілерінің UV-Vis сіңіру спектрлері 33 суретте көрсетілген. Жалпы алғанда, олар ГЗ типтік спектрлеріне салыстырмалы түрде ұқсас. Спектрлік қисықтардың максималды жолақтары π-π\*-ге электронды ауысуларға байланысты 256 және 312 нм шамасында ароматты қосылыс фрагменттердің болуын көрсететін. Бұл жолақтардың қарқындылығы мен орналасуына негізінен фенолдар, карбон қышқылдары мен алифатты тізбектер сияқты ароматты сақинадағы алмастыру дәрежесі әсер етеді. Спектрлердің оң жақ бөлігінде максимумдардың болмауы ГЗ молекулаларының күрделі құрылымына байланысты олардың сәйкес келуін көрсетуі мүмкін.



Сурет 33 – Гуминдік заттарының UV-VIS сіңіру спектрлері (БГЗ *Bacillus* sp. РКВ 7 мысалында алынған)

Кесте 15 – Гуминдік заттарының спектроскопиялық көрсеткіштері

UV-Vis коэффициенті	ОҚК			ЛҚК		
	ХГЗ	БГЗ <sub>РКВ 7</sub>	БГЗ <sub>РКВ 10</sub>	ХГЗ	БГЗ <sub>РКВ 7</sub>	БГЗ <sub>РКВ 10</sub>
$E_{Et/Bz}$	1,23 ± 0,01	1,37 ± 0,02	1,39 ± 0,03	1,18 ± 0,04	1,13 ± 0,03	1,11 ± 0,04
$E_{2/3}$	0,89 ± 0,09	1,04 ± 0,04	1,07 ± 0,02	0,91 ± 0,05	1,01 ± 0,02	0,97 ± 0,03
$E_{4/6}$	3,58 ± 0,07	5,29 ± 0,03	4,67 ± 0,04	2,29 ± 0,10	3,59 ± 0,07	2,94 ± 0,08
$E_{254/410}$	1,30 ± 0,04	1,57 ± 0,02	1,49 ± 0,05	1,18 ± 0,03	1,24 ± 0,04	1,21 ± 0,06
$E_{265/465}$	1,78 ± 0,05	2,49 ± 0,08	2,33 ± 0,06	1,54 ± 0,03	1,95 ± 0,03	1,76 ± 0,07
$\Delta \log K$	3,27 ± 0,03	4,31 ± 0,05	4,07 ± 0,05	2,33 ± 0,02	3,31 ± 0,05	2,84 ± 0,04

Гуминдік фракциялардың жұтылу спектрлерін сипаттау үшін  $\lambda = 253$  нм толқын ұзындығында  $E_{Et/Bz}$  коэффициенттері және  $\lambda = 203$  нм ( $A_{253}/A_{203}$ ) қатынасы пайдаланылады.  $E_{Et/Bz}$  мәні гидрофиль топтарымен (гидроксил, карбонил, күрделі эфир және карбоксил) алмастырылған ароматты сақиналардың орташа дәрежесіне жататын ақпаратты береді.  $A_{253}/A_{203}$  қатынасы қаншалықты жоғары болса, ароматты сақиналарда алмастыру соншалықты көп болады. Зерттеуге сәйкес, БГЗ үшін байқалатын  $E_{Et/Bz}$  жоғары көрсеткіші оттегі құрамды функционалдық топтармен алмастырылған ароматты сақиналардың пайда болуын көрсетеді.

